



№1 (683)
11 қаңтар
сәрсенбі
2012 жыл

Алаш айнасы

Республикалық қоғамдық-саяси ақпараттық газет

ISSN 2076-0639



www.alashainasy.kz
e-mail: info@alashainasy.kz

ЭКОНОМИКА АЙНАСЫ

USD	148,59	▲
EUR	189,70	▼
RUB	4,67	▼
CNY	23,53	▲
EUR/USD	1,28	▼
DJIA	12392,69	▲
RTSI	1462,84	▲
KASE	1149,90	▲
BRENT (ICE)	113,17	▲
GOLD (NYMEX)	1607,50	▼

Үміткерлер заң бұза бастады



►► 3-бет

БЭК: экономикалық ықпалдастық кеңейе түсті




►► 4-бет

Биыл бізді қандай додалар күтіп тұр?



►► 7-бет



Лана, скрипкашы:

— Бұл өзі те қиын және өте қорқынышты және үлкен бақыт! Ең қызықтысы — біз, әйелдер, балаға қалай қарау керектігін мысық сияқты жақсы білеміз...

(Нәрстелі болғаны жайлы айтқан сөзі: www.time.kz сайтынан)

Президент Конституциялық Кеңестің Жаңаөзенде сайлау өткізбеу туралы шешімін бұзды



Кеше Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен қаласының аумағында сайлау өткізбеу туралы шешіміне вето қойды.

Мемлекет басшысы тарапынан ағымдағы жылдың 10 қаңтарында Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 6 қаңтардағы № 1 қосымша қаулысына қарсылық енгізілді, өйткені ҚР Конституциялық Кеңесі Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен қаласының аумағында Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің және мәслихаттар депутаттарының сайлауын өткізбеу туралы шешім қабылдаған еді.

Қарсылықты енгізе отырып, Қазақстан Президенті Жаңаөзен қаласының тұрғындарының алаңдаушылығы мен абыржушылығын ескерді,

өйткені Конституциялық Кеңестің жоғарыда көрсетілген шешімі еліміздің заңдары мен Конституциясында қарастырылған олардың сайлау құқықтарын шектейді.

Сөйтіп, Мемлекет басшысы қабылдаған аталған шешімнің жалғыз ғана мақсаты — Жаңаөзен тұрғындары үшін мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау және сайлаудағы өздерінің конституциялық құқықтарын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету болып табылады.

Айта кету керек, ҚР Орталық сайлау комис-

сиясы ҚР Конституциялық Кеңесінің 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 1 қосымша қаулысына сәйкес Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында төтенше жағдай режимінің қолданылуына байланысты 2012 жылғы 15 қаңтарға тағайындалған, бесінші сайланатын ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы мен ҚР мәслихаттары депутаттарының кезекті сайлауы Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында өткізілмейді және Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының мәслихаттары депутаттарының және Маңғыстау облыстық мәслихаты депутаттарының кезекті сайлауы Жаңаөзен қаласында төтенше жағдайдың күші жойылғаннан кейін тағайындалсын және өткізілсін деп қаулы етіп, Жаңаөзендегі сайлауды әзірлеу және өткізу жөніндегі жұмыстарды тоқтатқан болатын.

Жетімнің күні жетілер ме?!

Бүгінгі таңда тек Ақмола облысында ғана 2905 бала ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жетім балалар болса, соның 873-і балалар үйінде тәрбиеленуде. Қазір 1837 баланы отбасылар асырап алған, олардың 1867-сі туған-туысқандарының қарауында болса, 150-і — патронатты отбасылардың балалары.

Жақында Есіл ауданында болған іссапарымызда облыстық жетімдер үйіне бас сұғып, ондағы балалардың жағдайымен танысып қайтуды жөн санаған едік. Мұнда жалпы саны 165 балдырған тәрбиеленуде. «Бала — адамның бауыры еті» десеңіз, сүп-сүйкімді бүлдіршіндердің мөлтілдеген жанарынан жетімдіктің жүзі айқын көрініп тұрғанын қалай жасырайық.

Айта-айта ауыз талып, жаза-жаза жауыр болған бір мәселе еліміздегі жетім балалардың шетелге көптеп асырылуы болатын. Оларды шетелдіктер қандай мақсатта сатып алады? Қамқорлық қылудың астарында қандай құпия жатыр? Бұл, әрине, бүкіл елді толғандырған күрделі мәселе болатын. Өйткені статистикалық мәліметтерге жүгірсек, 1998 жыл мен 2011 жылдар аралығында ғана Ақмола облысынан 400 бала шетел асқан. Ал тіркелмей кетіп қалғанын бір Құдайдың өзі білсін. Бірақ кеш болса да «Отбасы және

неке туралы» Заңның (қазір — кодекс) 76-бабы бойынша, 2010 жылдың соңынан бастап шетелге бала асыруға тыйым салынып, тоқтатылғаны көңілге бір медеу тұтарлық оқиға болды. Сонымен қатар жыл санап өз елімізде де жетімдер үйінен бала асырап алушылардың қатарының көбеюі жанға аз да болса жылылық нұрын себеді. Жетім балаларға қамқорлық көрсеткен ата-аналарға мемлекет те үлкен көмек көрсетіп келеді. Мәселен, балалардың өз туған-туысқандары қамқорлыққа алса, оған — он айлық есептік көрсеткіш (15 мың теңге) мөлшерінде, ал балаға еш туыстық қатынасы жоқ, яғни патронатты ата-ана болса, 25-30 мың теңге көлемінде жалақы тағайындалады. Мұндай тәжірибе біздің тақырыбымыздың арқауына айналған Есіл балалар үйінде де қолданылып келе жатқанын айта кеткеніміз жөн.

Жалғасы 2-бетте ►►

ОЙ-КӨКПАР

АҚШ-Иран қатынасының ушығуы ғаламдық тепе-теңдіктің түбегейлі өзгеруіне әкеліп соқтырмай ма?



Замир ҚАРАЖАНОВ, саяси сарапшы:

ИӘ

— Иран — Парсы шығанағындағы аймақтық деңгейдегі көшбасшылыққа таласып отырған мемлекет. Сондықтан АҚШ-Иран текетіресінің ушығуы ғаламдық өзгерістерге әкелетіні анық. Біріншіден, Иран мұнай нарығының жиырма пайызын құрап отыр. Сондықтан бұл, біріншіден, экономикалық хаосқа әкелетінін көрсетіп отыр. Дегенмен оның саяси салдары экономикалық тұрғыдан да ауыр болуы мүмкін. Әрине, елдің әскери потенциалын салыстыруға келмейді, АҚШ сөзсіз мықты. Алайда Иран да осал елдердің бірі емес. Иран атом энергетикасындағы, ядролық саладағы амбицияларынан бас тартып жатқан жоқ. Халықаралық құқық бойынша Иран ядролық қарумен жарактануға құқылы. Ендеше, АҚШ Иранға шабуылдауы үшін алдымен әлемдік ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісімді реформалауға тура келеді. ►►

АҚШ пен Иран қарым-қатынасы соңғы жиырма жылдағы ең ушыққан деңгейге жетті. Осы уақытқа дейін АҚШ пен Еуроодақ Иранды ядролық бағдарламасынан бас тартқызу үшін сан түрлі санкциялар жариялаумен болды. Алайда оның ешбірі айтарлықтай нәтиже берген жоқ. Енді соңғы кездері АҚШ тарапынан ауқымды әскери операциялар жөнінде сөз жиі қозғала бастады. Сарапшылар бұл жағдай ғаламдық деңгейдегі ауқымды өзгерістер әкелерін болжайды. «Тіпті жиырма жыл үстемдік құрған АҚШ әлсіреп, әлем бір полярлық жүйеден кетеді» деген пікір айтады. Бұл жөнінде біздің де сарапшылардың пікірі әр түрлі.

3-бетте

ЖОҚ

— АҚШ-Иран текетіресі жөнінде түрлі пікірлер айтылып жүр. Алайда мен бұл жағдай ғаламдық деңгейдегі айтарлықтай өзгерістерге әкелетіні деп айта алмаймын. Бір кездегі Ирак соғысы ауқымындай ғана көрініс береді. Әрине, уақытша қиындықтар пайда болуы мүмкін. Әсіресе экономика саласында. Бірақ мұның өзі Қазақстан үшін жағымсыз құбылыс емес. Себебі мұндай жағдайда, біріншіден, мұнайдың бағасы күрт жоғарылайды. Ал экономикасының 80 пайызын мұнай экспорты құрап отырған Қазақстан үшін бұл жаман ба? Ойым арам шығар, дегенмен экономикамызға тиімді екені рас. Егер барша мұсылман әлемі Иранды жақтап отырса, расында да, қандай да бір хаосты күтуге болар еді. Онда, шынымен де, ғаламдық деңгейдегі өзгерістер жөнінде әңгіме қозғауға болады. Ешбір суннит мемлекет, араб мемлекеті Иранды қолдап отырған жоқ. ►►



Әзімбай ГАЛИМОВ, саясаттанушы:

ДАТ!

Тұрсынбек КӘКІШЕВ:

Қателіктен сабақ алу үшін ақиқатты айта білуіміз қажет

6-бетте

Сегіз адам түтінге тұншығып қалды

Алматының Өжет елді мекенінде бір күнде екі үйдің пешінен ақау шығып, сегіз адам ыстан уланyp қалды. Ауруханаға түскендердің төртеуі — бала.

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі мамандарының хабарлауынша, кеше төтенше оқиға алдымен сағат 03.25 шамасында Алматы қаласы Алау ауданының Өжет поселкесіндегі Өуезов көшесі, №117-үйде болған. Жеке үйдің пеші түтін тартпай қалып, төрт адамға ыс тиген. Абырой болғанда, дәрігерлердің қолына дер кезінде түскен тұрғындар аман. Олар: 1979 жылғы И.Маншуров пен 1982 жылғы Г.Қасимова және 6 мен 7 жастағы екі бала. Сағат 09.35 кезінде Өжет ауылында осындай оқиға тағы қайталанды. Комсомол көшесінің №92 «а» үйінде пештің оты дұрыс жанбай, түтін шыққан. Үйдегі төрт адам — 1947 жылғы С.Хабилева, 18 жастағы К.Белсұлтанова мен 8 бен 11 жастағы тағы екі бала да түтінге тұншығып қалды. Мамандардың мәліметінше, өткен жылы республика бойынша өндірістік және тұрмыстық өрт оқиғаларының саны 12700-ге жеткен. Желтоқсан айына дейін-ақ 891 адам зардап шегіп, 361 адам қайтыс болды. Жаңа жылдың басынан бері еліміз бойынша тұрмыстық өрт пен түтіннен улану деректерінің қатары 20-дан асты. Жеке үйлерде болатын өрт оқиғаларының көрсеткіші Алматы қаласы бойынша көбеймесе, азымаған. Мұндай төтенше оқиғалардың 11,4%-ына пештердің ақауы себеп болғаны анықталды.

Ұлу жылы 29 мың ағаш егілуі тиіс

Өткен жылы көптеген кәрі ағашынан айырылған Алматы қаласының аумағына Ұлу жылы 29 мың тал-терек отырғызылмақшы. Қаланың 180 мың шаршы метр бөлігі гүлзарға айналады.

Алматы қаласы табиғи ресурстар және табиғатты пайдаландуды реттеу басқармасы мамандарының хабарлауынша, 2012 жылы жапырақты және қылқанжапырақты 29 мың түп егу кезделіп отыр. Сонымен бірге қаланың көгалды аумақтарының көлемі биыл тағы да ұлғаймақшы. Мамандар тура өткен жылдағыдай 180 мың шаршы метр аумаққа гүлзар жасағалы отыр. 2008 жылы Алматы аумағында — 21 мыңнан астам, 2009 жылы — 22 мыңнан астам, 2010 жылы — 24 500, ал былтыр 36 мың ағаш егілген. Былтыр сонымен бірге Жетісу ауданында екі саябақ жаңа қалыпқа келтіріліп, күтімге алынған болатын. Ал Биыл Бостандық ауданындағы әйгілі Ботаникалық гүлзар мен Алматы ауданының Қазыбек би — Панфилов — Әйтеке би — Абылай хан шаршысындағы саябақ жөндеуі тиіс.

Болатбек МҰХТАРОВ



ҚҰҚЫҚ ПЕН ҚҰРЫҚ

Жалған жарылқаушы ұсталды

Тегін еттің тек қақпанда ғана болатыны айтылып, қанша ескертілсе де, алаяқтардың апанына өздері түсетіндердің қатары сиремей отыр. Жуырда Тараз қаласында талайларды сан соқтырған алаяқ құрықталды. 50-ге келсе де «есі кірмегендерді» есіркеп жүрген алаяқтың 9 сыныптық қана білімі бар екен. Бір жылдың ішінде оннан астам адамның сеніміне кіріп, қалтала-рын қағып отырған.

Әккі алаяқ бұған арнайы жоспар жасап, үлкен дайындықпен кіріскен. Әуелі ақшаны күреп табуға болады деген ниетпен мұнай және газ саласына қатысты жалған ЖШС ашады да, өзі соған жалған директор болып «тағайындалады». 2010 жылдың аяғынан бастап ірі қазақстандық компанияның аймақтық бөлімшесі кеңсесінің жанында жұмысқа орналасу және тендер бойынша байқауларға қатысу үшін жеке тұлғалар мен ұсақ құрылым серіктестіктері кезекке тұра бастайды.

Фирманың жетекшісі белгілі бір сомаға жұмыс тауып беруге уәде етеді. Алданғандар әлгі алаяқтың жоғары жақтағы белгілі тұлғаның туысымын деген сөзіне сеніп, қомақты қаражаты ешқандай да қолхатсыз өздері әкеп берген. Айтылған уақытта уәде бергіштің сөзбұйдаға салып, соза бергеннен күдіктенген алғашқы жәбірленуші тек 2011 жылдың мамыр айында ғана көмек сұрап, құзырлы органдарға шағымданған. Осыдан кейін «жарылқаушы» қауып кеткен. Алайда көп ұзамай қолға түсті. Қазіргі таңда оған қатысты ҚР ҚК-нің 177-бабының 3-бөлімі (үлкен көлемдегі алаяқтық) бойынша қылмыстық іс қозғалды. Ол мүлкін тәркілеумен бірге бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын өтейтін болды.

Екі айдан соң елге оралды

Өткен жылдың қыркүйек айында Үндістанға демалуға барған тараздық Куликовтар отбасы қиын жағдайға душар болған еді. Отанасы аяғы ауыр болса да, шетелде демалуға бел буған-тын. Алайда сәбиін жеті айлық қылып, сол елде босанып қалып, елге қайта алмай, қиналған болатын. Жамбылдықтар жерлестерін жат жерде қалдырмай, елге оралуына көп көмек көрсетті. Соның арқасында Злата есімді сәби Үндістандағы клиникада екі ай ем алып, көп ұзамай елге оралды.

Жуырда облыс әкімі Қанат Бозымбаев өзі қол ұшын берген қыздың үйінде қонақта болып, Жаңа жылмен құттықтады. Облыс әкімі Қанат Алдабергелі: «Еліміздегі әрбір адамның тағдыры назардан тыс қалмайды. Сын сәтте олардың бәріне де жәрдем беріледі. Көп баланың әкесі ретінде мен сіздерге де көп балалы болуды тілеймін, Злата қызымыздың дені сау болып, үміттеріңді ақтауына тілектеспін. Ал Златаның өкіл ескі болып, үнемі назарда ұстауды облыс әкімі аппаратының жетекшісі Болат Исақовқа тапсырамын», – деді. Болат Исақов үнді елінде болған кезде Куликовтар отбасымен үнемі байланыста болып, облыс әкімінің тапсырмасын орындаған еді.

Юрий КУЛИКОВ, отағасы:

– Қанат Алдабергеліңізге алғысым шексіз. Жат жерде қиын жағдайда қалғанда не істерімізді білмей, тұйыққа тірелгеніміз рас. Сондай қиын сәтте Тараздан облыс әкімінің аппаратынан хабарласқанда қатты толқидық. Сол кезде ғана біз Отанның қандай қасиетті ұғым екенін түсіндік. Кеудеміз керемет сезімге бөленді. Елімізге, халқымызға деген сүйіспеншілік сезім оянд.

Үндістанда туылған Злата есімді нәресте өте әлсіз болып туылып, жоғары білікті медициналық көмекті қажетсінген. Әрине, шетелде болған соң, медициналық қызметтің қуны қымбат екені белгілі. Демалушы деп барып, ойда-жоқта қиын жағдайға душар болған Куликовтар отбасына облыс әкімшілігі көп көмек көрсетті. Сыртқы істер министрлігі арқылы оларға қаржылай көмек аударды. Үндістандағы клиниканың екі айлық емдеу ақысын төлеп, елге оралуларына сеп болды. Бүгінде отандастарының арқасында елге оралған Златаның жағдайы жақсы.

Гүлжан КӨШЕРОВА

ТҮЙТКІЛ

Жетімнің күні жетілер ме?!

«Басы 1-бетте»

Лидия ОБУХОВА,

Есіл балалар үйінің меңгерушісі:

– Әрине, қанша мейіріммен қарап, аналық шуағынды берсең де, баланың өз ата-анасындай бола алмасың белгілі ғой. Сондықтан да балаларды ата-анасымен табыстыруға барынша жағдай туғызуға тырысамыз. Біздегі балдырғандардың көпшілігі – ата-анасы ішімдікке салынып, ата-аналық құқығынан айырылған жандар. Бірқатары медициналық-әлеуметтік мекемелерде емдеуден өтіп, түзеліп кететіндері де баршылық. Бұл дүниеде ана мен баланы табыстырғаннан артық қандай ғанибет, қандай бақыт бар десеңізші!

Айта кететін бір жайт, жетімдер үйінің өз меншігінде түрлі көкөністер егілетін 7 гектар алқабы бар. Мұнда бүлдіршіндер өздерін-өздері картоп, сәбіз, қияр, орам-жапырақ сияқты дәруменге бай көкөністермен қамтамасыз етіп қана қоймай, еңбекке араласа бастайды.

Леонид ШАНДЕР,

жетімдер үйінің тәрбиеленушісі:

– Біздің тәрбиешілеріміз бен ұстаздарымыз балаларға өте жақсы қарайды. Мұнда біздің саналы білім мен саналы тәрбие алуымызға толық мүмкіншілік жасалып, зор көңіл бөлінген.

Иә, қалай дегенмен де, атының өзі суық естілетін жетімдер үйінің беретін тәрбиесі отбасына қайдан жетсін?! «Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» демекші, кез келген отбасында қымбат киім-кешек пен дәруменге бай дәмді тамаққа қол жеткізбегенімен, бала үшін ата-ананың аялы алақаны мен мейірімді жүзінің орны қашанда бөлек қой, шіркін! «Әрине, әркімнің мүмкіндігі бола бермес. Дегенмен шамағы жетіп жатса, ата-аналар жетімдер үйіндегі балаларды асырап алса, үлкен сауапты іс жасар еді десең, қателеспеген болар едік. Бізде мұндай игілікті іске ден қоюшылардың қатары аз болғанымен, шетелдерде көптеген қалталы азаматтар осындай жетім балаларға өз көмегін беруге асығады», – дейді Ақмұла облыстық білім басқармасының тәрбие жұмысы және балалықты



Абай ОМАРҒОВ (солға)

әлеуметтік қорғау бөлімінің бастығы Жәния Дондағұлова.

Бірақ қалай болғанда да, баланы асырап алудың да біз біле бермейтін арнайы заңды қағидалары бар екені бәсеңден белгілі. 1989 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында қабылданған «Бала құқықтары туралы конвенцияның» 21-бабында «Егер баланы туған елінде біреудің тәрбиесіне беру немесе асырап алуды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда, онда баланы басқа елге асырап алуға беруді балаға күтім берудің баламалы тәсілі ретінде қабылдауға болады деп таниды» делінген болатын.

Будан балалардың мүддесінің қорғалуы тұтас әлем үшін де, мемлекетіміз үшін де басты құндылық екендігі айқындалып шығады. Еліміздің Тәуелсіздігінің 20 жылдығында етек-жеңімізді жинап, Ата Заңымыздың алғашқы бабында «Қазақстан Республикасындағы ең басты құндылық – адам, оның құқықтары мен бостандықтары» екендігін естен шығармай, соның ішінде жетім балаларға да көз қырымызды салғанымыз абзал болар. Жетім-жесір, кәрілік пен мұқтаждық – бойлап зерттеуге тұратын мәселе. Бәлкім, бұл сөздер бойын-да оты, көкірегіңде сәулесі бар талай жасқа ой салар. Ойдан ой тұтанып, жетімдіктің

тууының түп-тамырын білек сыбанып іздесе, бұл бағыттағы таным-түсінігіміз де едәуір кеңейер еді.

Әрине, ақиқат жолы қашан да ауыр. Бұрын әр ру, әр әулет жетімдерін сыртқа тебуді намыс көретін. Жетімді сыртқа тебу сүйекке таңба, елдікке мін еді. Осы бір ағайынның ауызбірлігін, адамгершілігін танытатын қасиет ауылдық жерлерде әлі де сақталған. Ізімізді басып келе жатқан ұрпақтың бойына осы ұлы қасиетті сіңіре алсақ, іргеміздің берік болары хақ.

Абзал ТОҚАНОВ,
Көкшетау

ЖАҢҒЫРҒЫҚ

БАСТАМА

Жаңаөзендіктерге тиесілі қаражатты тиімді жұмсаған жөн

Бүгінде Жаңаөзеннің жағдайы жақсарып келеді. Дегенмен жарты жылдан бері жұмыссыз қалған мұнайшылардың отбасылары қаржылай көмекке әлі де зәру. Сол себепті бүгінде кейбір жанашыр азаматтар Жаңаөзен мен Шетпеде зардап шеккендердің гуманитарлық қорын құрып, жағдайы қиын отбасыларға ақша аударуды бастады. Осы іспетті бастаманы «KAZENERGY» қауымдастығының қоғамдық қоры да қолға алып, арнайы есепшот ашқан екен. Қазіргі кезде еліміздің мұнай-газ және энергетика саласындағы ірі компаниялары осы есепшотқа миллиондап ақша аударып жатыр. Бірақ ол қаражат инфрақұрылымдық жобаларға жұмсалатын сыңайлы.

Арман АСҚАР

ТӨРТ БАЛАЛЫ ОТБАСЫНА – 50 МЫҢ ТЕҢГЕ

Жаңаөзен мен Шетпеде зардап шеккендерге көмек көрсетуді көздейтін жеке гуманитарлық қордың құрылғанына бір аптадай уақыт болса да, бүгінде оған 400 мың теңгеге жуық ақша түскен екен. Еліміздің белгілі қоғам қайраткерлерінің бастамасымен ашылған бұл қордың қаражатын үйлестіру жұмысы ұзаққа созылған жоқ. Қазіргі өзінде арнайы комиссия 50 мың теңге көлеміндегі алғашқы қаржы-

лай көмекті Жаңаөзенде тұратын төрт балалы отбасыларға жіберуді ұйғарыпты.

Бастамашыл топтың жауапты өкілі Инга Иманбайдың хабарлауынаша, гуманитарлық қорға түскен ақша қиын жағдайға тап болған отбасыларға жіберілетін болады. «Сондай-ақ біз Жаңаөзенде қаза тапқан және жарақат алған азаматтардың отбасыларына көмек беруді көздейміз. Себебі қазіргі кезде асыраушысынан айырылып, а болмаса, ауруханада жатып, қаржылай көмекке зәру азаматтар баршылық. Оларға тиіттей болса да, көмегіміз тисе екен дейміз. Ал қаржы көздері жымқырылмас үшін біз тек сенімді адамдардың көмегіне ғана жүгініп, қор ақшасын зардап шеккен отбасылардың жеке есепшоттарына жіберетін

боламыз. Бұл жұмыстың жариялығы мақсатында халықтың алдында үнемі есеп беріп отырамыз», – дейді И.Иманбай. Әрине, бүгінде қор қаражаты тым көп емес. Дегенмен бастамашыл топ ол ақшаның әлі де ұлғаятынына сенімді.

«KAZENERGY» АШҚАН ҚОР ҚАРАЖАТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРҒА ЖҰМСАЛМАҚ

Жаңаөзендегі төтенше жағдайдан кейін еліміздің мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының «KAZENERGY» қауымдастығы да зардап шеккен азаматтарға көмек беру үшін арнайы есепшот ашқан болатын. Қазіргі кезде осы саладағы «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Қазгер-мұнай» ЖШС, «Қазақстанның мұнай-газ институты» АҚ, «Каспий Мұнайгаз» ғылыми-зерттеу институты) ЖШС және тағы

басқа ірі компаниялар жаңаөзендіктерге көмек есепшотына миллиондап ақша аударып жатыр. Ол қаражаттың тағдыры әлі шешілмеген. Қауымдастықтың баспасөз қызметіне хабарласып білгеніміз мынау: Оның үйлестіру мәселесі тек қаңтардың 18-і күні өтетін «KAZENERGY» қауымдастығының кезекті 12-нші кеңесінде ғана қаралады. Сол кезде есепшоттағы ақшаны тарататын комиссияның құрамы бекітіліп, қаржылай көмек көрсету жайы пысықталмақ. Дейтұрғанмен, бүгінгі таңда осы мәселе бойынша нақты ұсыныстар да жоқ емес. Әзірше ұйым мүшелері есепшотқа түскен қаржыға Маңғыстау облысындағы білім беру сапасын көтеріп, қала халқына психологиялық көмек беруді көздей отыр. Осыған орай арнайы психологиялық оңалту орталықтарын ашу да жоспарда бар көрінеді.

P.S. Байқап қарасақ, жеке гуманитарлық қор қаржысының аздығына қарамастан, оны құрған азаматтар жаңаөзендіктерге ақшалай көмек беруді қазірдің өзінде бастап кеткен. Әрине, қаражат көп емес. Сондықтан бұл көмек тек ақшаға аса зәру азаматтарға ғана көрсетіледі. Ал «KAZENERGY» қауымдастығының есепшотына түскен қомақты қаржы әлі жұмсалмайды. Себебі ұйым мүшелері ол ақшаны жеке материалдық көмекке емес, әлеуметтік маңызы бар жобаларға салуға ниетті.

БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Білімнің қосымша ақы БЛЖ үшін

Медициналық мекеменің бөлім меңгерушісіне жоғарғы санаты үшін қосымша ақы төленуі тиіс пе? Жұмағұл ӨТЕШОВА, Оңтүстік Қазақстан облысы

Еңбекті нормалау және еңбекке ақы төлеу басқармасының сарапшы маманының мәліметінше, азаматтық қызметшілерге еңбекқақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы

№1400 қаулысымен айқындалады. Біліктілік санаты үшін қосымша ақы қаулыға 19-қосымшада қарастырылған, оның ішінде жоғарғы санаттағы клиникалық бөлімшелердің меңгерушілеріне аталған қосымша ақы базалық лауазымдық жалақыдан (БЛЖ) 150 пайыз мөлшерінде белгіленген. БЛЖ бүгінгі күні 17 697 теңгені құрайды. Қосымша ақы қызметкерлерді

аттестаттау нәтижелерінің негізінде уәкілетті орталық мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен айқындалады. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 шілдедегі № 576 бұйрығымен бекітілген біліктілік санаты үшін үстеме ақы төлеу ережесінің 3-тармағына сәйкес, медицина қызметкерлеріне, сондай-ақ бөлімшелердің басшыларына (бөлімшелердің меңгерушілеріне, бас мейірбикелерге, аға мейірбикелерге) біліктілік санаты үшін үстеме ақы нақты жұмыс істеген уақыты үшін төленеді.



Күзетшіге жалақы қалай төленеді?

Мәдениет үйінің штаттық кестесінде екі күзетші кешкі сағат 18.00-ден таңғы 08.00-ге дейін ауысым жұмыс істейді. Күзетшілерге айлық күнделікті 8 сағатқа төленуі керек пе, әлде 12 сағатқа ма? Жантас ЕСЕНҒАЛИЕВ, Ақтөбе облысы

ҚР Еңбек кодексінің 84-бабына сәйкес, өндірістік процестің ұзақтығы не жұмыс берушінің өндірістік қызметінің режимі күнделікті жұмыс ұзақтығының нормасынан асып кеткен жағдайларда ауысымдық жұмыс белгіленуі мүмкін. Бұл ретте, Кодекстің 89-бабына сәйкес, үстеме жұмыстар әрбір қызметкер үшін тәулік ішінде – екі сағаттан, ал ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстарда бір сағаттан аспауға тиіс. Үстеме жұмыстардың жалпы ұзақтығы айына 12 сағаттан және жылына 120 сағаттан аспауға тиіс. Ауысымдық жұмыс кезінде қызметкерге барлық

нақты жұмыс атқарған сағаттарына төлем жүргізіледі. Сонымен қатар азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына, 19-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне түнгі уақытта жұмыс істегені үшін кешкі сағат 22.00-ден таңғы сағат 6.00-ге дейін әр сағат үшін сағаттық ставканың 50% мөлшерінде қосымша ақы төленеді.

АЛАШ-АҚПАРАТ

«Қызыл кітапқа» енген құсты тапсырды

Жаңа жыл қарсаңында Семейдің биологиялық бағына қала тұрғыны тосын сый жасады. Талица ауылы маңынан жарақаттанған ірі құсты тауып алған ол бірден темір қоршауға салып, орталыққа әкеліп тапсырыпты.

Зоологтер құстың ақ құйрықты субүркіт екенін анықтады. Бірегейлігі сол, бұл ірі жыртықш құс «Қызыл кітапқа» енгізілген. Бастапқыда жағдайы ауыр болыпты. Судың маңында мекендейтін болғандықтан, көбінесе балықпен қоректенеді. Бірақ орталық мамандары оның рационалына етті де қосты. Бүгінде ол аптасына үш күн етпен, үш күн балықпен тамақтануда. Зоологтер құстың құйрығындағы өсіп келе жатқан ақ қанаттарына қарап, субүркіттің жасы шамамен бесте екенін айтады. Әдетте ақ қанаттардың пайда болу құбылысы құстың жасы үштен асқан уақытта білінетін көрінеді. Жалпы, мұндай жыртықш құс шығыста сирек кездеседі және қыс мезгілінде мекен етпейді. Осыған қарамастан, бүгінде биоорталықта екі ақ құйрықты субүркіт өмір сүруде. Бірақ олар күні бүгінге дейін өмірге ұрпақ әкелмеді. Мамандардың айтуынша, жыртықш енді биологиялық бақтың қарамағында болады. «Алдағы күндері аналықтармен жұптасып, өмірге ұрпақ әкелуі де мүмкін», – дейді зоологтер.

Айзада ҚАЛИБЕКОВА,

Биологиялық бөлімнің меңгерушісі:

– Бастапқыда бұл құстың қанаты жарақаттанған және тұмсығы біраз қан болатын. Күйі нашар болғандықтан, тым арық, әрі ұша алмайтын жағдайда еді. Ал бірақ келбеті жағынан бізде мекен етіп жатқан екі субүркітпен салыстырғанда кішкене ірірек. Сонысына қарап, бұл құстың жынысы аталық деп ойлаймыз. Бүгінгі жағдайы жақсы. Қазір тордың ішінде қалған субүркіттермен бірлесі емін-еркін ұшып жүр.

Гайһар МҰРАТҚЫЗЫ,
Семей

Қайын жұртын қанға бөктірді

Жыл жаңаратын түні ақтөбелік жігіт бұрынғы қалыңдығын, оның атасы мен анасын пышақтап тастады. Қыз анасы сол жерде тіл тұрпастан кеткен. Ал 72 жастағы қария мен оның немересі ауруханада жатыр. Екеуінің де жағдайлары ауыр.

Өзінен бас тартқаны үшін жас қызды ғана емес, оның отбасын түгел пышақтап тастаған жігіттің жасы 25-те. Ақтөбе қаласының тұрғыны. Оқиға желтоқсанның 31-і күні түнде Ақтөбенің Шанхай деп аталатын шеткері ауданында болған.

Күзгерлердің айтуынша, шақырусыз келген қонаққа ешкім есік ашпай қойса керек. Оған ашуланған жігіт подъездегі ажыратқыштың көмегімен бірнеше мәрте жарықты өшіріп тастайды. Ізінше жарықты қоспақ болып, подъезге шыққан 72 жастағы қарияға пышақ сағып алады. Оған араша түспек болған қыздың анасы да ауыр жарақат алған. Тіпті бұрынғы сүйіктісіне де алушылық танытпай, пышақтап тастаған жігіт араға бір тәулік салып тұтқындалды.

Қыз анасы 42 жастағы ақтөбелік әйел жедел жәрдем жеткенше жан тапсырған. 72 жастағы қария болса, немересімен бірге ауруханада жатыр. Екеуінің де халі ауыр. Пышақ жарақатынан соң, жүрек талмасы ұстап қалған қария қазір хал үстінде.

«Осы дерек бойынша қылмыстық іс қозғалып, мәселенің мән-жайы тексеріліп жатыр», – дейді Ақтөбе облыстық ішкі істер департаментіндегі баспасөз қызметінің бастығы Алмат Иманғалиев.

Жаңагүл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА,
Ақтөбе



ОЙ-КӨКПАР

«Басын-бөбете»

АҚШ-Иран қатынасының ушығуы ғаламдық тепе-теңдіктің түбегейлі өзгеруіне әкеліп соқтырмай ма?



Замир ҚАРАЖАНОВ, саяси сарапшы

нығайтып жатыр, әлсіреудің орнына атом энергетикасын жолға қойып алды. Ал санкциялардың әсері күшті болуы үшін халықаралық жүйені реформалау керек.

Қазір АҚШ-тың өзі де экономикалық тұрғыдан бір кездегі Америка емес. Әскери бюджеті жылдан-жылға қысқарып жатыр.

Әскери қарсы тұру бола қалған жағдайда Қытай АҚШ-ты қолдай қоймасы анық. Себебі Қытайдың өз ішінде бірнеше даулы аймақ бар.

Қазір әлемдік қауымдастық АҚШ-қа назар аударып отыр. Егер АҚШ Иран мәселесін реттей алмаса, ғалам бір полярлық жүйеге көшті деген сөз.

Жалпы, Иранның бәсеңдегені Қазақстан үшін тиімді шығар. Себебі Иранның Қазақстанға қойып жүрген территориялық талабы бар.

Осы күнге дейін АҚШ бізге ашық түрде тісін батырған жоқ. Ақыл айтатыны бар, бірақ онысы қандай да бір талап емес.

Иранда. Солардың көз жасы үшін Иранның әлсіреуін қалар едім. Мүмкін, АҚШ-тың араласуымен «Үлкен Әзірбайжан» пайда болып қалатын шығар.



Әзімбай ҒАЛИ, саясаттанушы

САЙЛАУ – 2012

ОСК кейбір қаулыларына өзгерістер енгізбек

Кеше Орталық сайлау комиссиясы осы комиссияның кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы қаулы қабылдады.

Отырыс барысында аталмыш қаулының мақсат-міндеттеріне тоқталған Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Бақыт Мелдешовтің айтуынша, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 84-бабы, 6-тармағының 5-тармақшасына сәйкес, партиялық тізімге енгізілген адамдардың және олардың жұбайларының декларацияда көрсеткен табысы мен мүлкі туралы мәліметтердің дұрыс еместігі анықталуына байланысты, Орталық сайлау комиссиясы «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының

партиялық тізімінен Владимир Бобровты алып тастау қажет деген байламға келді. Сонымен қатар, аталмыш қаулыға сәйкес, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының партиялық тізімінен Болат Әбілев пен Гүлжан Ергалиева алынып тасталатын болады.

Жарқын ТҮСІПБЕКҰЛЫ

Үміткерлер заң бұза бастады

Сайлау қызды дегенше, тартыс қызды десеңші! Басқа жақтарды қайда, Оңтүстік Қазақстан облысында сайлау додасына түскендер арасындағы тартыс күшейіп тұр.



Өзбек ұлтының өкілдері көп шоғырланған Сайрам ауданынан облыстық мәслихатқа түсіп жатқан кандидаттар үгіт-насихат парақтары мен тақтайшаларына өздері туралы мәліметтерді өзбек тілінде жазып қойған.

Шадияр МОЛДАБЕК, Оңтүстік Қазақстан облысы

Үкіметтің жаңа жылдағы бірінші отырысы Жаңаөзен мәселесіне арналды. Кеше Премьер-министр Кәрім Мәсімов Үкімет отырысында Жаңаөзенге қатысты құрылған комиссияның жұмысын тыңдап, қаланы қалпына келтіруге байланысты бес бірдей қаулы қабылдады.

Салтан СӘКЕН

Комиссия қалалық мәслихаттың да жұмысына араласып, қақтығыс кезінде қайтыс болған жандардың отбасыларына – 1 миллион теңге, ал жарақат алып, зардап шеккендерге 500 мың теңге көлемінде өтемақы төлеу туралы шешім шығаруға көмектескен.

Жұмысқа орналастыру туралы өтініш берген «ӨзенМунайГаз» компаниясының жұмысскерлерінің де мәселесі жіті қаралып, туындаған сұрақтарына түсініктеме берілген.

«Даму» қорының ұйымдастыруымен Жаңаөзен қаласында кәсіпкерлікті дамыту орталығы құрылды. Ол – өңірді сумен қамтамасыз ету және энергетиканың перспективалары.

Сонымен қатар, «Үкімет резервінен Жаңаөзен қаласындағы жаппай төртіншілік салдарын жою үшін қаржы бөлу туралы» қаулы қабылданды.

Қысқасы, бес Үкімет қаулысы дайындалған. Соның бірі – Маңғыстау облысы үшін әр өңір 100 миллион теңгеден жылу

Жаңаөзен мәселесі бойынша құрылған комиссия есеп берді



жылу керек. «Бүгінде бес өңір ақшаларын аударып қойды», – дейді Өмірзақ Шөкеев.

Қалған төрт қаулының бірі – «Жаңаөзен қаласын 2020 жылға дейін кешенді дамыту жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

«Менің ойымша, бүгінгі таңда комиссия миссиясы өз деңгейінде орындалды. Шұғыл атқарылуы қажет шаралардың барлығын дер кезінде және тиімді орындадық деп ойлаймын», – деген Өмірзақ Шөкеев енді жоспарлы түрдегі жұмыстарға кірісу керектігін ескертті.

Ал Маңғыстау облысының әкімі Бауыржан Мұхамеджанов бүгінде халықты жұмыспен қамту жұмыстары жүргізіліп, жұмыссыз жүргендерге «Индустрияландыру картасы» бойынша да екі қолдарына бір күрек тиіп жатқанын айтты.

ошақтарындағы орын тапшылығын да атап өтті. Оның айтуынша, 7 мың 200 орын жеткіспейді. Сондықтан да, осы жылы бес балабақша ашу жоспарланып отырғанын жеткізді.

ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ ШЕШУ ҮШІН ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҒЫМЕН КҮРЕСУ ҚАЖЕТ

Энергиямен және сумен қамтамасыз ету мәселесі «Қазатомпром» ұлттық компаниясының басшысы Владимир Школьникке тапсырылған екен.

Маңғыстау облысы бойынша ауысу мәселесі де алдағы уақыттарда өз шешімін таппақ. Владимир Школьниктің айтуынша, Ақтауда қуаты тәулігіне 12 мың тонна ауысуды өндіре алатын қосымша тағы екі қондырғы орнатылатын болады.

ЖАҢАӨЗЕНДЕ БАЛАБАҚША ТАПШЫЛЫҒЫ ҚАТТЫ СЕЗІЛІП ТҮР

Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов та Жаңаөзеннен табылды. Үшінші топқа басталғалы бері 10-нан астам оқушы өткізіліп тастаған екен.

Министр мектепке дейінгі білім беру

дағдарыс таяуда аяқталатынын және жағдай толықтай бақылауда екенін жеткізді. АҚШ пен Еуропаға қатысты «Батыс бізге онсыз өмір сүре алмайтын ауа бола алмайды. Ал маусым айында елде парламент сайлауы өткізіледі. Ең бастысы, заң шығарушы органның көппартиялы болуы қамтамасыз етіледі.

Сергелдеңге түскен Сирияда үлкен өзгерістер болмақ

Сирия қоғамын биылғы жылы үлкен өзгерістер күтуде. Бұл туралы ел Президенті Башар Асад мәлімдеді.

Халыққа арнаған жолдауында Башар Асадтың айтуынша, наурыз айында халық жаңа Конституцияның жобасын референдум арқылы талқылайтын болады.

дағдарыс таяуда аяқталатынын және жағдай толықтай бақылауда екенін жеткізді. АҚШ пен Еуропаға қатысты «Батыс бізге онсыз өмір сүре алмайтын ауа бола алмайды. Ал маусым айында елде парламент сайлауы өткізіледі. Ең бастысы, заң шығарушы органның көппартиялы болуы қамтамасыз етіледі.

Каддафидің шетелге шығарылған жеке қаржысы елге қайтарылды

АҚШ және Еуропа елдері Ливияның бұрынғы басшысы Муаммар Каддафи мен оның жақтастарының жеке шоттарынан 20 млрд долларға жуық қаржы тәркілеп, ақшаны Ливияның жаңа билігіне тапсырды.

Министр Ашур бин Хайялдың айтуынша, қаржы Ливия үкіметіне тапсырылған. Өзге қаржы мөлшері нақты айтылмап отыр. Белгілісі, бұл ірі көлемдегі ақша елге қайтарылатын қаржының бір парасы ғана.

дері тәркіленген қаржы мөлшері 150 млрд доллар дегенді айтады. Триполи қаласы алынғаннан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі Ливияға қарсы салынған экономикалық санкцияларды алып тастады.

Жарқын ТҮСІПБЕКҰЛЫ

АЛАШТЫ АЛАҢДАТҚАН САУАЛ

Сырдария тасқынына тосқауыл қоюдың қандай жолдарын ұсынасыз?



Жақыпбай ДОСТАЙҰЛЫ, география ғылымының докторы, профессор, География институтының Су мәселелері бөлімінің меңгерушісі.

– Сырдарияның тасуының негізгі себебі көрші елдердің суды әр кезде арқалай жіберіп, өздерінің мүддесіне сай қимылдауынан деп білемін. Мәселен, өздеріне қажетсіз кездесі суды мөлшерінен көп жібере салады. Ал ондай кезде Шардария мен Көксарай сұқоймаларының шамасы жетпей қалады.



Қуат НҮРҒАЗЫ, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор.

– Тасқынның себеп-салдары өте көп. Оның пайда болуына трансшекаралық сулардың әсері болуы мүмкін. Ішкі жағдайда тиісті орындар тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі де себеп болуы әбден мүмкін.



Мұхтар БАЙБАТШАНОВ, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты.

– Шыны керек, біздің еліміздің аумағындағы түрлі сулардың көлемі басқаруға көнбейтіндей жағдайда емес. Әйтсе де, жыл сайын суға кетіп, үйлер мен қора-қоспаларды су басып, шығынға ұшырап, әбігерленіп жатамыз.

Әзірлеген Қуаныш ӘБИЛДӨҚЫЗЫ

ИНТЕГРАЦИЯ

БЭК: экономикалық ықпалдастық кеңейе түсті

Қазақстан, Ресей және Беларусьтің басын қосқан Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) 1 қаңтардан бастап күшіне енді. БЭК аумағында тауарлар, қызмет, капитал және еңбек күшінің еркін қозғалысын іске қосқан құжаттарға үш елдің мемлекет басшылары өткен жылдың желтоқсан айында қол қойғанын, интеграцияның ортақ бағыты БЭК-ке мүше елдердің өз экономикалық қызметін кеңістіктегі кез келген елдің аумағында бірдей құқықтық шарттармен жүргізуге мүмкіндік беретін бірқатар келісімдермен белгіленді.



макроэкономикалық және валюта саясатында ортақ мәмілеге келу қажеттігі туындайды. Дегенмен ортақ валюта енгізу жайында әлі сөз жоқ.

Гүлнар АХМЕТОВА

ЫҚПАЛДАСТЫҚ БАСТАУЫ

Еске түсірсек, Еуразиялық одақ құру жөніндегі алғашқы ұсынысты Президент Нұрсұлтан Назарбаев 1994 жылы айтқан болатын. Әуелінде одаққа бес ел – Қазақстан, Ресей, Беларусь, Қырғызстан және Тәжікстан кіреді деп жоспарланған. Содан кейін бұл одақ бұрынғы кеңес аумағындағы өзге елдердің есебінен кеңейтілмекші еді. 2010 жылдың желтоқсанында Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕурАзЭК) саммитінде Қазақстан, Ресей, Беларусьтің Бірыңғай экономикалық кеңістігі негізінде Еуразиялық одақты құру жайында келісім жасалды. Тұңғыш құжаттардың мәтіні 2011 жылғы қазанда Кеден одағы үкімет басшыларының кездесуінде жарияланды. Ал өткен жылғы қарашада үш елдің Президенттері БЭК шеңберіндегі интеграция туралы бірнеше құжатқа, соның ішінде Еуразия экономикалық интеграциясы туралы Декларация мен Еуразия экономикалық комиссиясы Келісіміне қол қойды. Бұл құжаттар Кеден одағына енген үш елдің анағұрлым терең экономикалық ынтымағына неменейді. Сөйтіп, бастапқыда үш елдің Бірыңғай экономикалық кеңістігі, келешекте – Еуразиялық экономикалық одағы құрылады деп жоспарланған.

КОЛЛЕГИЯ ҒАМ КОМИССИЯ

Келісімдерге сәйкес, 1 қаңтардан бастап БЭК Коллегиясы – ұлттан тыс жаңа орган өз жұмысын бастады. Ол Кеден одағы мен БЭК форматы шеңберіндегі интеграциялық процестерге жетекшілік жасайды.

Коллегия мүшелері тұрақты түрде жұмыс істейді және төрт жылға бір-ақ тағайындалады. Оның құрамына үш елден 800 адам енеді деп жоспарланған. Жұмысын Мәскеуде жүргізеді. Алайда коллегияны Астанаға көшіру туралы еліміздің өтінші орындалуы да ғажап емес. БЭК Коллегиясының төрағасы болып РФ Херстаскі және сауда министрі Виктор Христенко тағайындалды (ақпанда ол министрлік орынғағын кетеді).

Одан кейінгі өзгерістер Кеден одағы комиссиясына қатысты. Келешекте оның орнын Еуразия экономикалық комиссиясы (ЕЭК) басады. Бұл комиссия Кеден одағы және БЭК қызметінің дамуын қамтамасыз ету мақсатында құрылмақшы. Ол 2012 жылдың 1 шілдесінен бастап жұмысын тоқтататын Кеден одағы комиссиясының ізбасары деп белгіленді. Комиссия қызметі өзара пайданы қамтамасыз ету, тараптардың тең құқығы мен ұлттық мүддесін есепке алып, қабылданатын шешімдердің экономикалық негізделуіне, жариялық пен объективтілік қағидаларына сай болмақ.

Ұлттық деңгейден жоғары жаңа органды одақтық министрлік есебінде қарастырған дұрыс. Ол өз бетінше шешім қабылдауға өкілетті. Қабылданған шешімдер Кеден одағына мүше елдердің билігіне жеткізіледі және олар сөзсіз орындалуы тиіс. Айта кету керек, Кеден одағы комиссиясының шешімдерін де мүше-мемлекеттер орындауға міндетті еді. Алайда барлық шешім ең әуелі үш елдің билігі деңгейінде келісілетін. Еуразия экономикалық комиссиясының мүшелеріне өз елдерінің мүддесін алға шығару құқығы берілмейді. Өйткені олар өз бетінше шешім қабылдайтын мемлекеттік шенеуніктер емес.

Жаңа комиссияның шағым жасу механизмі де қарастырылған – ол шешім қабылданған соң 10 күннен кейін күшіне енеді. Бұл мерзім үш елдің үкіметтері оны өзгертіп үлгеруі қажет. Сондай-ақ жаңа органның шешімдері консенсус арқылы қабылданады. Кеден одағы комиссиясында дауыс бөлу келесідей: Ресейде – 57 пайыз, Беларусь пен Қазақстанда 21, 5 пайыз. Ал ЕЭК-да дауыстың үштен екі бөлігімен тек комиссия жұмысына қатысты шешімдер қабылданады. Ал үш елдің билік органдары орындауға тиіс шешімдерді қабылдауға оның барлық мүшелерінің келісімі қажет болады.

Сонымен қатар 1 қаңтардан бастап талас-тартыстарды шешуге арналған арнайы аймақтық орган – Минскідегі ЕурАзЭК соты өз жұмысын бастайды. Онда дискриминация, бәсеке ережелерін, бизнесі жүргізуде тең жағдайларды бұзуға қатысты

Досым СӘТПАЕВ, саясаттанушы:
– Бұл жерде ең әуелі еуропалықтардың қателігін қайталамау. Олар Еуропалық одақ іске қосылғалы ұлттық деңгейден жоғары түрлі органдардан тұратын орасан бюрократиялық аппарат құрды. Бұл Еуроодақтың тиімді қызметіне кедергі келтіре бастады. Сондықтан БЭК қызметінің нәтижесінде ұлттан жоғары тұратын бюрократияның пайда болғанын қаламас едік. Тәжірибе көрсеткендей, бұл БЭК-тің құрылу идеясына нұқсан келтіреді. Оның шеңберінде тауарлардың, қызмет, капитал және жұмыс күшінің еркін қозғалысына барлық жағдай жасалуы қажет.

бүлік фактілер бойынша мемлекеттер ғана емес, жеке компаниялар мен кәсіпкерлер де шағым түсіре алады.

МИГРАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ

БЭК-ке қатысты құжаттардың ішінде қылмыстық жолмен тапқан табысты жариялауға, Кеден одағы шекарасынан қаржы алып өту арқылы лажәстікті қаржыландырудың жолын кесетін келісім де бар. Жалпы, үш елдің азаматтары мен бизнесі Кеден одағы үшін енгені онсыз да біркелкі кеден тарифтерін пайдаланады. Ал БЭК ішіндегі миграция саясатының ортақ қағидалары жөніндегі келісім оған қоса жұмыс күшінің еркін жүріп-тұруына мүмкіндік береді. ДСҰ-ға мүше болудың бір шарты – еңбек нарығын либерландыру болып табылады. Бұл өзге елдерден, соның ішінде Орталық Азиядан келетін еңбек мигранттарына тосқауыл қойыла бермеу деген сөз. Бүгінде ресейлік сарапшылардың бірқатары ДСҰ-ға мүшеліктің нәтижесінде көптеген бәсекеге қабілетсіз кәсіпорындар құрдымға құлайды деген пікірде. Соның нәтижесінде жұмыс орындары қысқартылып, ол жұмыссыздықтың артуына әкелуі мүмкін. Саясаттанушы Досым Сәтпаевтың айтуынша, өз кезегінде бұл Ресейдің миграциялық саясатын қатайтуға әкеледі. Соның нәтижесінде заңсыз миграция ағыны біздің елімізге бағытталуы мүмкін. Айта кету керек, еліміз 1 қаңтардан бастап Ресей мен Беларусь азаматтарына еңбек квотасын алып тастады.

СІЗГЕ ЖҰМЫС КЕРЕК ПЕ?

Астана қаласы әкімдігі «Жұмыспен қамту орталығы» КМК
Тел.: 519494, 519450, 528804 хабарласыңыз

БАСПАНА

Терможаңғыртудың түйткілдері таусылмай отыр

Терможаңғырту сөзінің өзі алғашқыда қалалықтарға тосын естілгені бар. Осыны ескерген атқарушы билік көпқабатты тұрғын үйлердің тұрғындарымен кездесіп, жаңаша бағдарламаның нені көкесейтіні түсіндірмекші болды. Қолдағандардан қалыс қалғандар саны көп. Ақтөбе қалалық тұрғын үй инспекциясының бастығы Жұлдызбек Бисембиннің айтуынша, қалада 1547 көпқабатты үй бар. Соның 30 пайызы жөндеуді қажет етеді.

«Бағдарламаны қолға алған сәтте 400-ге тарта жиналыстар өткіздік. Үкіметтің тарапынан пайызы аз, келіпдіксіз қарыз берілетін айтты түсіндірдік. Нәтижесінде, бірінші механизм бойынша күрделі жөндеу жүргізуге жиналыс өткізген 250 үйдің 8-і ғана, ал екінші механизм, яғни жөндеу жұмыстарының жекелеген түрлерін жасауға 47 үйдің тұрғындары келісімін берді», – дейді Ақтөбе қалалық тұрғын үй инспекциясының бастығы Жұлдызбек Бисембин.

Тұрғындарға терможаңғыртудың оңтайлы тұстары көп екенін айтып түсіндірудің өзі көп уақытты қажет еткен. Көпқабатты үйдегі тұрғындардың 3/2-сі келісімін бермейінше, жұмысты бастауға рұқсат жоқ. Бағдарламаның талабы – сондай. Тұрғындар коммуналдық төлемдердің өзін уақтылы төлемейтін көршілерінен қорыққан жайттар кездескен. Жөндеу жұмыстарын жасауға түпкілікті келісімін көпшілігі жылудың сақталу нәтижесіне көз жеткізгеннен кейін беріпті. Бір ғана көпқабатты тұрғын үйді толықтай күрделі жөндеуге 20

млн мен 46 млн теңге аралығындағы көлемде қаражат керек.
Бағдарламаның 1-інші механизмі бойынша 2011 жылы сегіз тұрғын үйде жөндеу жұмыстары жүргізілген. Бұған 276 миллион астам теңге жұмсалған. Екінші механизм бойынша 47 үйге жөндеу жасалды. Келісімін берген тұрғындар таңдаған механизмге сәйкес он және жеті жыл бойы ай сайын бір мың және үш жарым мың теңге көлемінде жарна төлеп отыруы тиіс.

Ақтөбе терможаңғыртудан өзге өңірлермен салыстырғанда, алдына жан салмай келеді. 10 үй – республика бойынша жөндеу жөндеу жұмыстарын 100 үйге жасауды жоспарлап отыр. Бұл үшін республикалық бюджеттен 812 млн теңгеден астам қаржы бөлінбек.

Ақбаян СУЛТАНМУРАТОВА,
Ақтөбе

Шағын кластер жасақтау агроөнімнің бабын келтірмек...

Қазақстан, Ресей және Беларусьтің басын қосқан Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) 1 қаңтардан бастап күшіне енді. БЭК аумағында тауарлар, қызмет, капитал және еңбек күшінің еркін қозғалысын іске қосқан құжаттарға үш елдің мемлекет басшылары өткен жылдың желтоқсан айында қол қойғанын, интеграцияның ортақ бағыты БЭК-ке мүше елдердің өз экономикалық қызметін кеңістіктегі кез келген елдің аумағында бірдей құқықтық шарттармен жүргізуге мүмкіндік беретін бірқатар келісімдермен белгіленді.

... Сөйтіп, бидайдың бітік шығуы дастарқанымызға береке әкеледі дескен ауыл шаруашылығы министрі өткен 2011 жылы біршама ауылшаруашылық өнімдері – 1,7 пайызға, соның ішінде астық өнімдері 13,8 пайызға дейін арзандағанын мысал етті. (Кестеге зер салсақ)...

2011 жылғы сатылым бағасы арзандаған өнімдер	
Қарақұмық	20,2 пайызға
Бидай	19,4 пайызға
Сәбіз	15,9 пайыз
Қырыққабат	10,7 пайыз
Картоп	8,5 пайызға
Қызылша	3,3 пайызға
1,5 пайызға арзандаған	



Жалпы, мамандар «тұтынушылар ауылшаруашылық өнімдерінің арзан түріне қол жеткізу үшін азық-түлік қоймаларын, ірі логистикалық жолыжайлар салу үрдісін республикалық деңгейде жалғастыру қажет» деп отыр. Бұған қатысты экономист Ғалым Атамұрат ШӘМӨНОВ былай деді:
– Келешекте арзан агроөнімге қол жеткізу үшін ауыл және аудан көлемінде шағын кластерлер жасақтаған жөн. Ол шағын кластер жергілікті жерлерде өндіруге тиімді ауыл шаруашылығы шикізатынан, тағам өндіру технологиясынан, сервистік қызметтерден және тұтынушыларға тиімді бағамен жеткізу саясатынан тұрады. Кластерді заңдық ұйымдастыру түрлері Азаматтық кодекске сәйкес ассоциация, өндірістік кооператив, ЖШС т.б. болуы мүмкін. Көрсеткіш егілген егін пен мал саны емес, өндірілген тағам көлемі мен сапасы болып табылады, яғни шығарылған тауармен бағаланады. Шағын кластерлер (микрорайондар) арқылы мемлекеттік тапсырыс беру, қаржыландыру және несиелендіру ауыл шаруашылығындағы шағын өндірістер мен сервистік қызметтердің бірігуіне жол ашады. Міне, бұл да – тұтынушыны арзан өніммен қамтамасыз етудің бір жолы. Астығы бітік, шикізаты мол еліміз үшін осы іске кірісетін кезең әлдеқашан жеті...

өнімдері, жұмыртқа, май және мал майы, жемістер, көкөністер, картоп, қант және кондитерлік өнімдер жатады. Қазірде біз астық өнімдерімен халықты қамтамасыз етуде 67 пайыздық көрсеткішке қол жеткізіп отырмыз. Елде астықтың өтік өсуі осындай көрсеткішке қолымызды жеткізді. Соңғы екі жылда көкөніс өнімдерімен де халықты тұтыну көлемі едәуір өсті. Бұл мақсатта елде 20-ға тарта ірі жылыжай салынып, олар өз өнімдерімен халықты қамтамасыз ете бастады. Болашақта да осындай нарықтық тетіктерді пайдалана отырып, агроөнімдердің әлеуетін арттыру берген абзал. Бұл әлеуметтік маңызы бар азық-түліктердің қымбаттамауына кепіл болатын бастамалар, – деді...

ТҮЙІН

Негізінен, мамандар Қазақ елінің ауылшаруашылық өнімдері республика халқының сұранысын қамтамасыз етіп қана қоймай, әлемдік саудаға шығуға потенциалы бар екенін, ал бұл осы мүмкіндікті әлі дұрыс пайдалана алмай отырғанымызды жасырмайды. «Егер халықаралық тәжірибе оңтайлы пайдалана алсақ, өзге дамыған елдердің ауылды мемлекет тарапынан қолдау және агроөнімнің тұтымызды ұйымдастыру жақтарына алуға тырыссақ, бұл алдымен өз өнімдеріміздің арасында өзара бәсекеге қабілеттілік тудыруымыз керек. Соған жағдай жасауымыз қажет. Ол үшін ауылдың кәсіпкерлік қабілетін арттыруға күш жұмылдырғанымыз абзал. Осылай еткенде ғана агроөнімдеріміздің бабы келісіп, халық сапалы әрі арзан өнімге қарық болады» деседі сарапшылар.

Қарлығаш ЗАРЫҚАҢҚЫЗЫ

«Біз ауылшаруашылық өнімдері көлемінен ішкі қажеттілігімізді толық өтей аламыз және одан артылған өнімді экспортқа шығарып отырымыз... Нақ осылай деп мәлімдеген еліміздің ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбеков: келін жеткен 2012 жылы отандық ауылшаруашылық өнімін өндірушілерге үлкен үміт артуға болатынын құлаққағы жасады... Бұған қатысты өткен 2011 жылы елімізде астықтың бітік шыққанын, өнім өсіріп, одан мол өнім алуға қол жеткізу үшін елде жылыжайлар салынғанын; сондай-ақ астық тұқымалар сақтау мақсатында арнайы қоймалар ашыла бастағанын, ауылшаруашылық өнімін өндірушілерге үкіметтік тараптан қалыпты жағдай жасалып отырғанын алға тартап министр «Ауыл шаруашылығы жалпы өнімнің көлемі 2011 жылдың қаңтар-қараша айларында 27,3 пайызға өсім бергенін» баса айтты. Бұл ретте Мамытбеков мырза «өндірушілер астық, ет, жұмыртқа, көкөніс секілді азық-түліктер өндіруде жоғары көрсеткішке жетті. Бірақ кейбір құс еті, қысы көкөніс секілді позициялар бізде әлі жетілмей отыр. Біз жұмысымызды жетілдіреміз» дегенді алға тартты.

БІЛГІМ КЕЛГЕН БІРСҰРАҚ

Экономиканың үш көрсеткіші

Өткен жылдың ең басты экономикалық жетістігі деп нені айтуға болады?

Бағдат Ж., оқытушы, Алматы қаласы

2011 жылы ел экономикасының қол жеткізген жетістігі ретінде басты үш көрсеткішті атап өтуге болады:
1. Ел Тәуелсіздігінің мерейтойы жылындағы ең үлкен экономикалық жетістігіміз деп 2010-2014 жылдарға арналған Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы барысында атқарылған істердің нәтижесін ерекше айтуға болады. Аталған бағдарлама қолға алынғаннан бері 389

индустриялық жоба іске қосылып, 90 мың жұмыс орны ашылды. Қазіргі күні жобаға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 1,8 триллион теңгеге жетті. Оның ішінде биылғы жылы 237 жоба жұмысын бастап, 45 мың жаңа жұмыс орны ашылып отыр. Бұл жобалардың қатарында Мойнақ СЭС-і, Жетіген-Қорғас, Өзен-Түрікменстан шекарасы теміржолдары тәрізді нысандар, тау-кен, металлургия, мұнай

химиясы, энергетика, өндіріс, құрылыс пен ауыл шаруашылығы салаларындағы жаңа индустриялық өндірістер бар.
2. 2011 жылғы астық науқаны да елімізде бұрын-соңды болмаған рекордты астық көлемімен ерекшеленді. Былтырғы ауылшаруашылық жылында 29,1 млн тонна астық жиналып, оның 15 млн тоннасын экспорттауға мүмкіндік туындап отыр.
3. Сонымен қатар кеше Үкімет басшысы жария еткен ел экономикасының былтырғы өсімі 7,5 пайызды құрайтындығы туралы жаңалық та – онды жаңалықтардың қатарында. Бұл көрсеткіш ТМД елдерінің арасында ғана емес, әлемдік экономикада да ең жоғарғы көрсеткіштердің бірі болып саналады.



Өткен жылдың ең «үздік» қымбаттаулары

Өткен жылда елімізде қандай тауарлар қымбаттады?

Айқын Д., кәсіпкер, Жамбыл облысы

Былтыр экономикалық барлық салаларындағы шикізат, тауарлар мен қызметтер бағасы өсім көрсетті. Тек ұялы байланыс саласында ғана баға тұрақтанды деп айтуға болады. Жаппай қымбаттаулардың басты себептері ретінде әлемдегі жалпы экономикалық жағдай, құнсыздану көлемінің өсуі, сұраныс пен тұтынудың артуы тәрізді факторлар аталады. Ал қымбаттаудың «реинтингінде» халықтың күнделікті өміріне тікелей

әсер ететін төмендегі тауарлар тобы алдыңғы қатарда:
1. Азық-түлік түрлері, жарма – 3 есеге дейін;
2. Оның ішінде, ет – 750 теңгеден 1600 теңгеге дейін;
3. Бензин (АИ-92) – 85 теңгеден 106 теңгеге дейін;
4. Электр қуаты – 20 пайыз;
5. Жүрілген автомобильдер – 30 пайызға дейін.



2012 жылғы 15 қаңтарға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс және мәслихаттары депутаттарының кезекті сайлауы жөніндегі сайлау науқанының барысы туралы ақпарат

САЙЛАУДЫ ТАҒАЙЫНДАУ

2011 жылғы 16 қарашада Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттары өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, Мемлекет басшысы өзінің Жарлығымен партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын 2012 жылғы 15 қаңтарға және Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын 2012 жылғы 16 қаңтарға тағайындады.

Сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясы 16 қарашада Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезекті сайлауын 2012 жылғы 15 қаңтарға тағайындау және тиісті Күнтізбелік жоспарды бекіту туралы қаулы қабылдады.

САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫС ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы, сондай-ақ барлық төменгі тұрған сайлау комиссиялары жеткілікті кадрлық және материалдық ресурстарға ие және сайлау науқанын азаматтар мен барлық сайлау процесіне қатысушылар өздерінің конституциялық құқығын ерікті әрі тиімді іске асыруын қамтамасыз ететін деңгейде өткізіп отыр.

Орталық комиссия қажетті құжаттарды, нормативтік-құқықтық актілерді және сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарын қабылдап, жергілікті жерлерге жолдады.

Сайлау комиссиялары мүшелерін кең ауқымды оқыту ұйымдастырды. 2011 жылғы 22 қараша мен 20 желтоқсан аралығындағы кезеңде Астана қаласында, содан кейін республиканың бүкіл өңірлерінде барлық деңгейдегі сайлау комиссиялары үшін семинарлар, кестер және тренингтер ұйымдастырылды. Барлығы 550-ден астам өткізілді, ал оларға 100-ден астам адам қатысты.

Орталық сайлау комиссиясының мүшелері мен аппараттың қызметкерлері телевизиялық және радиоарналарда сайлау заңнамасы нормаларын түсіндіріп, сайлау науқанына байланысты өзекті тақырыптар бойынша сұхбат береді.

12 қаңтарда Орталық сайлау комиссиясының саяси партиялар үшін телевизиялық пікірталас ұйымдастырады.

Интернет-кеңістік те белсенді пайдаланылуда. Орталық сайлау комиссиясының материалдарын комиссияның ресми интернет-ресурсынан алуға болады.

Және әрбір сайлаушыға Орталық сайлау комиссиясының ресми интернет-ресурсында оның қай сайлау учаскесі бойынша тіркелгені туралы ақпарат алу мүмкіндігі берілген.

Ең өзекті және шұғыл ақпаратты әрдайым Орталық сайлау комиссиясының баспасөз орталығына хабарласып алуға болады.

Сайлау процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында Орталық сайлау комиссиясының ақпаратты дауларды қарау жөніндегі Қоғамдық Кеңес құрылды.

Қоғамдық Кеңесінің құрамына еліміздегі белгілі заңгерлер мен саясаттанушылар, жетекші республикалық және өңірлік БАҚ басшылары, сондай-ақ уәкілетті органдардың, Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі мен Әділет министрлігінің өкілдері енгізілген. Кеңес сайлау науқаны уақытында туындайтын ақпаратты дауларды алқалы қарау үшін құрылған және консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМДАРЫ ТУРАЛЫ

Сайлауды әзірлеу мен өткізуге барлығы 13322 сайлау комиссиясы қатыстырылған. Сайлау комиссиялары қалыптастырудың

Қоғамдық Кеңесінің құрамына еліміздегі белгілі заңгерлер мен саясаттанушылар, жетекші республикалық және өңірлік БАҚ басшылары, сондай-ақ уәкілетті органдардың, Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі мен Әділет министрлігінің өкілдері енгізілген. Кеңес сайлау науқаны уақытында туындайтын ақпаратты дауларды алқалы қарау үшін құрылған және консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

1. «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы.
2. Қазақстанның Патриоттар партиясы.
3. «Руханият» партиясы (28 желтоқсанда партиялық тізімнің тіркеуден алынып тасталды).
4. Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық партиясы.
5. Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы.
6. Қазақстанның Коммунистік халық партиясы.
7. Қазақстан социал-демократиялық «Ауыл» партиясы.
8. «Әділет» Демократиялық партиясы.

2011 жылғы 28 желтоқсанда «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 89-бабына және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аталған тұжырымына сәйкес, Орталық сайлау комиссиясы бұл партияның партиялық тізімдерді ұсыну ережелерін бұзуына байланысты, «Руханият» Партиясының партиялық тізімін тіркеу туралы шешімнің күшін жойды.

2012 жылғы 6 қаңтарда Орталық сайлау комиссиясы бұрын тіркелген партиялық тізімдерден олардың декларацияда көрсеткен мәліметтері мен салық органдары деректерінің арасында алшақтық анықталған 18, ал 10 қаңтарда тағы 6 Парламент

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУШЫЛАР

2012 жылғы 9 қаңтарда шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларын тіркеу аяқталды.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша Орталық сайлау комиссиясы 819 халықаралық байқаушыны аккредиттеді.

Олардың 309-ы – ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Миссиясының, 262-сі – ТМД-дан байқаушылар Миссиясының, 46-сы – Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясының, 11-і – Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының байқаушылар Миссиясының құрамына кіреді, 9-ы Түркі тілдес мемлекеттер ынтымақтастығы Кеңесінен, 7-еуі – Ислам Ынтымақтастығы Ұйымынан, 10-ы – Түркі тілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясынан өкілдік етеді, тағы 150-і – 29 шет мемлекеттен келген байқаушылар.

Оның сыртында, Сыртқы істер министрлігі шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының 118 өкілін аккредиттеді. Осылайша, алдағы сайлауды байқаушы 937 шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары мен шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері жүргізетін болады.

ШАҒЫМДАР МЕН ӨТІНІШТЕРДІҢ САНЫ МЕН СИПАТЫ

2011 жылғы 16 қараша мен 2012 жылғы 6 желтоқсан аралығындағы кезеңде Орталық сайлау комиссиясына 99 өтініш келіп түсті. Олардың 73-і – сайлау науқанының әртүрлі мәселелеріне, тағы 26-сы – сайлау комиссияларының, сайлау процесіне қатысушылардың және бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне қатысты.

ДАУЫС БЕРУ КҮНІ

Дауыс беру күні бұл рәсімді сайлау заңнамасы нормаларына сәйкес ұйымдастыру, сондай-ақ дауыс беру, дауыстарды санау және дауыс беру қорытындыларын шығару процесінің айқыныдығын қамтамасыз ету – сайлау органдарының маңызды мақсаты болып табылады.

Барлық сайлау комиссиялары тиісті оқытудан өтті.

Сайлау учаскелері дауыс беру және тиісті хаттама жасау үшін 15 қаңтар күнгі таңғы сағат 6.00 – де ашылады.

Дауыс беру сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін жүреді. Еліміздің төрт батыс өңірлерінде дауыс беру Астана уақыты бойынша 21.00-де аяқталады.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктері қолданылатын болады. Оларды беру 14 қаңтар күнгі кешкі 18.00-де аяқталады. Бұл күлік жолаушы жүрген немесе басқа қалаға барған сайлаушының Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауында еліміздің кез келген сайлау учаскесінде дауыс беруіне мүмкіндік береді.

Дауыс беру күні байқаушылардың барлық процесстер мен барлық рәсімдердің мониторингін еш кедергісіз жүргізуіне жағдай жасалады. Сайлау комиссиясы мүшелері дауыстарды санауды дауыс беру қорытындылары толық анықталғанға дейін үзіліссіз жүргізеді. Сайлау учаскесінде дауыстарды санау уақыты санау басталған кезден бастап он екі сағаттан аспауға тиіс.

Хаттаманың көшірмесі жалпыжұрттың танысуы үшін сайлау учаскесінің үй-жайындағы арнайы белгіленген орынға дереу іліндеі және үй-жайда екі күн бойы тұрады.

Дауыстарды санау кезінде қатысқан адамның тілегі бойынша оған комиссия төрағасы мен хатшының қолдары қойылып, сайлау комиссиясының мерімен куәландырылған хаттаманың көшірмесі беріледі.

Шетелдердегі сайлау учаскелерінен мәліметтер уақыттық үлкен айырмашылыққа байланысты кешеуілдеп түсетін болады.

САЙЛАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН ШЫҒАРУ

Сайлау заңнамасына сәйкес Орталық сайлау комиссиясы аумақтық сайлау комиссиялары хаттамаларының негізінде 22 қаңтардан кешіктірмей партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттары сайлауының қорытындыларын анықтайды, және тиісті қаулы қабылдайды.

Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттары сайлауының қорытындыларын анықтауы және 2012 жылғы 26 қаңтардан кешіктірмей жариялануы тиіс.

23 қаңтардан кешіктірмей Орталық сайлау комиссиясының Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттары сайлауының қорытындыларын анықтауы және 2012 жылғы 26 қаңтардан кешіктірмей жариялануы тиіс.

Мәслихат депутаттары сайлауының қорытындыларын тиісті аумақтық сайлау комиссиялары 2012 жылғы 20 қаңтардан кешіктірмей анықтайды және 2012 жылғы 22 қаңтардан кешіктірмей жариялайтын болады.

15
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ МЕН МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

- «НУР ОТАН» ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ**
НАРОДНО-ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ «НУР ОТАН»
- ҚАЗАҚСТАН ПАТРИОТТАРЫ ПАРТИЯСЫ**
ПАРТИЯ ПАТРИОТОВ КАЗАХСТАНА
- ҚАЗАҚСТАННЫҢ «АҚ ЖОЛ» ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ**
ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ КАЗАХСТАНА «АҚ ЖОЛ»
- ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯ**
ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНАЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ
- ҚАЗАҚСТАННЫҢ КОММУНИСТИК ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ**
КОММУНИСТИЧЕСКАЯ НАРОДНАЯ ПАРТИЯ КАЗАХСТАНА
- ҚАЗАҚСТАН СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ «АУЫЛ» ПАРТИЯСЫ**
КАЗАХСТАНСКАЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ «АУЫЛ»
- «ӘДІЛЕТ» ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ**
ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ «ӘДІЛЕТ»

Бұл шараларға барлық сайлау процесіне қатысушылар, байқаушылар, мүдделі мемлекеттік органдар мен БАҚ өкілдері шақырылды.

Семинарлар аясында сайлау процесін құқықтық реттеу мәселелері, сайлауды әзірлеу мен өткізу барысында күшкі қолдану тәжірибесінің ерекшеліктері, сондай-ақ сайлау органдары мен сайлау процесіне қатысушылардың өзара ықпалдастығы талқыланды.

Сайлаушылар мен сайлау процесіне қатысушыларды сайлау науқанының барысы туралы тиімді хабардар етуді ұйымдастыру мақсатында Орталық сайлау комиссиясы ақпараттық сүйемелдеу жоспарын әзірлеп, іске асырып келеді.

Ақпараттық бейнероликтер әзірленіп, республикалық телевизиялық арналарының эфиріне шығарылып қамтамасыз етілді (Барлығы 20 ролік әзірленді).

Сайлау процесіне қатысушылар үшін жағдайлар, ақпараттық плакаттар, брошюралар, көгілер мен ұнақтар дайындалып, таратылды. Ақпараттық және үндеу сипатындағы 1800-ге жуық билбордтар шығарылып, еліміздің барлық өңірлерінде орналастырылды.

Баспа бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау науқанының барысына, оның негізгі кезеңдері мен рәсімдеріне, сайлаушылар мен басқа да сайлау науқанына қатысушылардың ойлары мен пікірлеріне арналған тұрақты арнайы айдарлар ұйымдастырылған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңымен белгіленген тәртібі, ең алдымен, оларда саяси партиялардың өкілдік етуіне бағытталған.

Қазіргі уақытта жұмыс істеп отырған аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының құрамы 2009 жылы қалыптастырылған.

Айта кету керек, Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасы сайлау комиссиялары құрамында өкілдері жоқ саяси партияларға сайлауды әзірлеу мен өткізу кезеңінде оларға өздерінің кеңесші дауыс құқығы бар өкілдерін жолдау құқығын береді.

Саяси партиялар өздерінің бұл құқығын белсенді пайдаланып отыр.

Қазіргі уақытта сайлаукомдар құрамында мұндай 1869 өкіл жұмыс істейді. Олардың ішінде 1492 кандидатурааны Қазақстанның Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы ұсынған.

КАНДИДАТТАРДЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлауда барлығы 10 мың үміткер ұсынылған. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ретінде 9165 адам тіркелген.

Соның ішінде облыстық, Астана мен Алматы қалалық мәслихаттарға – 1752; аудандық мәслихаттарға – 5523; қалалық мәслихаттарға – 1890 кандидат ұсынылған.

Мәжілісінің депутаттығына кандидатты шығарып тастау туралы шешім қабылдады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауында Ассамблея Кеңесі 9 кандидат ұсынды. 2011 жылғы 30 желтоқсанда Орталық сайлау комиссиясының бұл мәжілісін өткізуге қатысушылардың қатысуына қатыстырылған.

Мәжілісінің депутаттығына кандидатты шығарып тастау туралы шешім қабылдады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауында Ассамблея Кеңесі 9 кандидат ұсынды. 2011 жылғы 30 желтоқсанда Орталық сайлау комиссиясының бұл мәжілісін өткізуге қатысушылардың қатысуына қатыстырылған.

БАҚ-ТАРДЫҢ МОНИТОРИНГІ

Сайлау заңнамасының сайлауды үгіт жүргізуді реттейтін нормаларының орындалуын, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін бақылауды ұйымдастыру мақсатында, Орталық сайлау комиссиясы Байланыс және ақпарат министрлігімен бірлесіп БАҚ мониторингін жүргізгеніп отыр.

Мониторинг 53 баспа басылымдарын, 13 республикалық телевизиялық және 5 радио арнаны қамтиды.

Мониторингтің ақпараттық дауларды қарау жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің 30 желтоқсан күні өткен отырысында айтылған алдын ала қорытындылары бойынша, сайлауға қатысушы саяси партиялардың бұқаралық ақпарат құралдарына тең қол жеткізудің мүмкіндік беру талабы жалпы алғанда қамтамасыз етіліп отыр.

Баспа және электрондық БАҚ-тарда олардың қызметін жариялау тең жағдайда және шамамен тең көлемде жүргізілуде.

2011 жылдың қорытындысы бойынша өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда ішкі туризм – 24,4 пайызға, сыртқы туризм – 167,7 пайызға өскен. Облыс «Жібек

жолының тарихи орталықтарын жаңарту, тіркілген мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтас дамыту, туризм инфрақұрылымын құру» мемлекеттік бағдарламасына кірген. Өткен жылы облыста туристік кластерді 2014 жылға дейін құру және дамыту жобасы жасалды. Алдағы уақытта туризм саласын дамытудан облыс қызынасы қомақтыланатыны сөзсіз.

Гүлжан КӨШЕРОВА,
Тараз

СҰХБАТ

Нұржамал АЛДАБЕК, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің бірінші проректоры, тарих ғылымының докторы, профессор:

Қазақ қыздарының қабілетін әлемге паш етсек деген арман бар

– Нұржамал Әбдіразаққызы, былтыр оқу орнына жаңа басшы тағайындалды. Қыздар педагогикалық университетінде осы жаңалықпен байланысты қандай өзгерістер болмақ?

– Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында университеттің 2011-2020 жылдарға арналған даму стратегиясы жаңартылып, оның концепциясы жасалды. Оған университеттің барлық құрылымдық бөлімдері, яғни факультеттері мен ғылыми орталықтары, жасар комитеттері мен ұстаздар аталысты. Осыған орай университеттің жұмыс жоспарына бірқатар жаңа бастамалар енгізілді, білім беру мен тәрбие мәселесіне байланысты әртүрлі жаңа тұжырымдамалар жасалып жатыр. Білім бағдарламалары модульдік жүйемен қайта құрылуда, студенттердің шетелдік оқу орындары мен өз еліміздегі іргелі оқу орындарына кемінде бір семестрден кем болмай оқуын қамтамасыз ету, яғни академиялық үтқырлығын іске асыру мақсатында білім кредиттерін есептеудің қазақстандық ECTS жүйесін енгізу сияқты талаптарды енгіздеді. Осылайша, Болон үдерісінің талаптарына сай кредиттік оқыту жүйесінің негізгі принциптері ендіріліп, іске асырылуда; оқу үрдісі толықтай ашық жүйеге көшіріліп, оны бақылау тәсілдері алдыңғы кезекке қойылды, ал оны оқыту үрдісін корпоративтік басқару арқылы іске қостық. Сонымен қатар ағылшын тілінде оқылатын курстардың, элективтік, яғни таңдау курстарының жаңа талаптарға, жұмыс берушілер мен шетелден шақырылатын профессорлардың өтіншістеріне сәйкес тізбесін жасаудамыз. Сондай-ақ «Жұмыс берушілер кеңесі», мен «Қамқоршылар кеңесі» құрылып, олардың нормативтік құжаттары, тұжырымдамалары бекітілді. Бірқатар құрылымдық оңтайландыру шаралары жүзеге асырылып, білім берудің жаңа жүйесіне сәйкес мамандықтар бойынша кафедралар мен факультеттер саны өзгертілді. Осы жерде айта кететін бір мәселе – біздің елімізде жоғары білім беру жүйесін реформалау болон процесінің ыңғайына қарай емес, тек оның принциптеріне сәйкес келу бағытында іске асырылып жатқандығын айтқым келеді.

– Әйел адамдарға арналған жоғары білім ордалары кестік дәуірде Қазақстан мен Орта Азия елдеріндегі әйелдер сауат-сұздығын жою мақсатымен ашылды ғой. Бүгінде студенттерді жынстық ерекшелігіне қарай бөліп оқыту үрдісі ескіріп қалған жоқ па? Қыздар педагогикалық университетін келешекте де сақтаудың қажеттілігі неде?

– Жоқ, мұндай пікірмен келіспеймін. Себебі мұндай, тек қыздарға арналған оқу орындары шетелде де бар. Мысалы, Оңтүстік Кореяда бес бірдей қыздар институты жұмыс істейді. Соның бірі – Ихва қыздар институтымен біздің университет арасында келісімшарт бар. Ал 80-90-жылдары «Қыздар институты Қазақстанға енді керек емес» деген әңгіме шыққан кезде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Бұл институттың болуы біздің артықшылығымыз деп тұсқау керек» деген сәлиқпен тоқтамсынан кейін бұл өңгімені көтерудің қажеті жоқ қой деп ойлаймын. Себебі қазақ қызының, қазақ әйелінің қоғамдағы атқарып отырған орнына лайықты жоғары білім беретін арнайы оқу орнының болуы үлкен құрмет және қажет деп санау керек. Қайта бұл оқу орнындағы білім берудің сапасын әлемдік деңгейге көтеріп, жаңа мамандықтар ашып, қазақ қыздарының қабілетін паш ететіндей дәрежеге жеткізсек деген арман бар.

– Қыздар педагогикалық университеті әлемнің өзге оқу орналарымен қандай халықаралық байланыстарды іске асыруда?

– Университет шетелдің бірқатар жоғары оқу орындарымен байланыс орнатқан. Қытайдың Шыңжаң педагогикалық, Түркияның Нийде, Ресейдің Томск политехникалық, АҚШ-тың Миссисипи университеттерімен келісімшарттарымыз бар. Осы аталған шетелдік оқу орындарымен магистратура бойынша бірлескен оқу бағдарламаларын жасап, болашақта студенттердің академиялық үтқырлығын іске асыруға жұмыс жасап жатырмыз. Сонымен қатар Малайзия, Австралия, Польша, Болгария елдері мен Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларындағы жоғары оқу орындарымен әріптестік байланыстарымыз бар, ғалымдарымыз шетелдік әріптестерімізбен бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ал магистранттар мен докторанттарымыз ғылыми-зерттеу тақырыбына өтеді. Университетімізде «Қытай тілін оқыту орталығы» мен «Түрік тілі орталығы» жұмыс істейді. Болашақта парсы тілін оқыту орталығын ашу жөнінде Иран елшілігі жанындағы мәдени орталық ұсыныс жасап отыр. Халықаралық байланыстарды нығайтуда тіл білу негізгі шарт болғандықтан, мұғалімдер мен студенттерге арнап, арнайы ағылшын тілін үйрету курстары ұйымдастырылуда. Бұл болашақта халықаралық байланыстарды нығайтуға жол ашады деп сенеміз.

– Әңгімеңізге рақмет!
Сұхбаттасқан
Болатбек МҰХТАРОВА



– Университеттегі инновациялар жайында айтып кетсеңіз?

– 2002 жылдан бастап университеттің білікті ұстаздарының белсенді атсалысуымен «Қазақ ханымы: жоғары оқу орны компоненті» инновациялық оқу бағдарламасы жасалып, оқытылған. Бағдарлама өзінің өзекті де көкейтесті мәселелерді көтеруі арқылы студенттер мен ұстаздардың зор сұранысына ие болған. Бұл идеяны 2005 жылы жаңа авторлық ұжым қайта қарап, кредиттік технология жүйесіне лайықтап, студенттермен сабақтың өткізілу түрлеріне де, мазмұнына да толықтай өзгерістер енгізіп, жаңашылдық сипатта оқу курсы ретінде даярлаған. Арнайы курс сол жылдан бастап «Қазақ аруы» деген жаңаша атауға ие болған. Шындығында, «ару» сөзінің мәні терең. Қазақ тарихына қатысты ежелгі жазбаларда «ару» деген жақсы қамқорлық пен жақсы тәрбие көрген қыз балаларға тән ұғым саналады. Қазақ қыздарын арулық деңгейге көтеруді басты мақсат еткен бұл бағдарлама университет студенттеріне жеке басының ары мен намысын сақтаудан бастап, ұлтты сақтауға дейінгі жауапкершілікті меңгертуді көздейді. «Қазақ аруы» арнайы курсы – гендерлік мақсатты негізге ала отырып, өркендетіп үлгідегі ойын-ұлттық мүддемен байланыстыра білетін, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы ұлттық ділмен ұштасқан, кәсіптік-педагогикалық имиджі қалыптасқан зиялы әйел тәрбиелеуге бағытталған инновациялық жоба.

Тарихи құндылықтар қалпына келтірілуде

Биылдан бастап Жамбыл облысындағы тарихи, сәулет және мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру жұмыстары басталды. Бүгінде Жамбыл облысында 1 080 тарихи және мәдени ескерткіштер бар. Олардың арасында 844-і археологиялық ескерткіш, 111-і – тарихи, 97-сі – сәулет, 28-сі – монументтік ескерткіштер. Соның ішінде «Қарахан», «Айша бибі», «Бабажан қатын», Тектұрмас кесенелері, Ақыртас кешені, Қарақожа, Әбдіқадір мешіттері, Меркі ауданының тауларындағы «Жайсаң ғұмбатқанасы» мәдени-мемориалдық кешендері тек елімізге ғана емес, алыс жақтардан шетелдерге де кеңінен танылған.



АЛАШ-АҚПАРАТ

Кеденшілер жаңа жылды жаңа киім үлгісімен бастады

Еліміздің кеден саласының лауазымды қызметкерлері жаңа жылдан бастап жаңа киім үлгісіне көшті. 2012 жылдың 1 қаңтарынан бері формаль киімнің иықбелгісі бар және жоқ түрлерін кию туралы ереже күшіне енді.



ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті мамандарының хабарлауынша, осы министрлік басшысының 2010 жылдың 23 шілдесіндегі «Кеден органдарына қызметке қабылданудың кейбір мәселелері туралы» №369 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» №381 бұйрығына сәйкес, қаңтардың біріннен бастап, кеденнің лауазымды қызметкерлерінің формаль киімі мен иықбелгісі жоқ формаль киімі киюінің жаңа ережесі тәжірибеге енді. Бұл құжат бойынша, енді саланың лауазымды тұлғалары формаль киімнің иықбелгісі бар және жоқ түрлерімен бірдей қамтамасыз етіледі. Иықбелгі тағылмайтын киім үлгісі климаттық аймақ қызметкерлері үшін қолайлы болмақ. Ал Кедендік бақылау комитетінің сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларымен тығыз жұмыс істейтін орталық аппараты мен басқарушы аппараттарының лауазымды тұлғаларына мұндай киім үлгісі қарастырылмаған.

Болатбек МҰХТАРОВ

Төрт тілді сөздік жарық көрді

Қазақ, ағылшын, неміс, орыс тілдеріндегі «Техникалық сөздік» жарық көрді. Бұл – техника ғылымының докторы, профессор Райымқұл Құдайбергеновтің бірнеше жылғы табан ақы, маңдай терінің жемісі. Автор 666 беттен тұратын еңбегін «бір кітапқа енгізілген төрт сөздік» деп бағалайды.



Райымқұл Құдайбергенов әуелі техникалық сөзжұмбақтарды неміс тілінен қазақ және орыс тілдеріне аударды. Сондай-ақ жаһанның ортақ игілігіне айналған ағылшын тілін де ұмыт қалдырмау қажет еді. Осы тілдің негізгі ережелерін игеру мақсатымен ғалым 2,5 жылға АҚШ-қа барып, Вестерн Кентукки университетінде дәріс алады әрі сонда сабақ береді. Ақырында бұрын-соңды қазаққа болмаған төрт тілдегі сөздік дүниеге келеді.

Райымқұл ҚУДАЙБЕРГЕНОВ, техника ғылымының докторы, профессор:

– Осыдан 22 жыл бұрын Германияның Дортмунд университетіне тәжірибеден өтуге барып, сонда қалып қойдым. Сондағы Орештайн және Коппель зауыттарында құрылым машиналарын пайдалану жөнінен сарапшы болып қызмет атқардым. Неміс тілін тереңдетіп игеруге ден қойған болатымын. Сол жылдары алғаш осы сөздікті құрастыру туралы ой келген еді. Өкінішке қарай, қазақ-ағылшын техникалық тілі әлі қалыптасып үлгерген жоқ. Біздегі барлық техникалық оқулықтар, негізінен, орысша болып келеді. Мен қолымнан келгенше осы оқулықтың орнын толтыруға тырыстым. Менің сөздігімді пайдаланып, қазақша техникалық оқулықтар жазылып, олардың қатары артады деп сенемін.

Арман СЕРІКУЛЫ

ДАТ!

Тұрсынбек КӘКІШЕВ, әдебиет сыншысы, филология ғылымының докторы, профессор:

Қателіктен сабақ алу үшін ақиқатты айта білуіміз қажет

– Қылышынан қан тамған кеңестік жүйе тұсында небір құнды тарихи-әдеби жәдігерлеріміз жойылып, оның орнын идеологиялық шығармалар басты. Жастарымыз әлі күнге дейін осындай саясаттың ықпалымен жазылған әдебиеттер арқылы өз таным-түсініктерін қалыптастырып отырған жоқ па?

– Қазақ Тәуелсіздікке дейін үш ғасыр бойы қаншама зұлматты бастан кешірді. Сөйтсе де табиғатымыз ешқашан ешкімге тәуелді болып көрмеген еді. Кең даламыз еркіндікке жол ашты. Орыс империясы, одан кейін кеңес өкіметі еркіндігімізден айырды. Жоғары жақтан жеткен бұйрықты әсіресе қазақтар қалтқысыз жүзеге асырып отырды. Осыған байланысты көптеген құндылықтарымызды жоғалтып алдық. Енді бір 30 жылда тілімізден де айырылып қалуымыз ғажап емес еді. Кеңес өкіметі еркіндігімізді орыс тілділер 40 пайыз болса, енді ол көрсеткіш 60 пайызға көтеріліпті. Бізді ешкім орыс тілінде сөйле деп зорлап отырған жоқ ғой. Алайда орысша оқыған қыздарымыз миссионерлердің міндетін атқаруда. Қызметте жүрген кыз-келиндердің басым бөлігі баласын тәрбиелеуге уақыт таппайды. Әлі күнге дейін өзіміздің ұлттық келбетімізді қалпына келтіре алмай жүргеніміз өкінішті. Рас, Қазақстанның әлемге атын шығаратын, халықаралық беделімізді көтеретін талай жұмыстар атқарылды. Бірақ әуелі ұлттық болмысымызды бекемдеуіміз қажет деп есептеймін. «Батпандап кірген ауру мысқалдап шығады».

– Кеңестік ұғымдағы әдебиетке тығым салу керек деп ойлайсыз ба?

– Жалпы, қазақ тарихы өзінің көзімен жазылған тарих емес. Қазіргі кездегі көпшілік тарихшылар ескі сораппен кетіп барады. Бұрынырақ Ермұқан Бекмаханов тәрізді екі-үш тарихшы болмаса, арғы дәуірге баруға ешкім бата алмады. Бәрі жабылып кеңес өкіметі мен орыс империясын мақтаудан аспады. Ермұқан, Есмағамбет тәрізді шынайы ғалымдар ұлтшыл деп тынымсыз мүйізделді, ақыры абақтыға тоғытылды. Ермұқанның жазығы – Кенесары қозғалысын қозғағаны. Большевиктердің бір бөлігі – интернационализм, екінші бөлігі шовинизм болды. Түптеп келгенде, орыс империясының сөзін сөйледі, мүддесін көкседі. Өзбекстан сияқты көршілерміз өз тарихын ұмытқандық. Біздің ғалым-жазушыларымыздай жағымпаздыққа бой алдырмады. Ағылшындардың отаршылдығын бастан кешкен Үндістанның мемлекеттік тілінен айырылып отырғаны бізге де сабақ болуы тиіс.

– Қазақтың отбасылық дәстүрлерін мансұқтаған, яғни «әйелдер теңдігі» көксеген көркем шығармалар қазақ ұлттығы тағдырына кері ықпал еткені жасырын емес қой...

– Әйелдердің оқып-тоқығаны, саналы болғаны керек. Тек қана отбасы, ошақ қасында ғана жүре беру қыз балаға жараспайды. Бірақ біз оны артығымен жүзеге асырып жібердік. 1890 жылдары Ресейдің Киелі Синоды «бұратана халықтардың ұлдарын оқытқаннан қыздарын оқытқан пайдалырақ. Әйелдер отбасында өз балаларына орыстың рухын себеді» деген шешім қабылдайды. Қазір де сол саясаттың салдарын көзбен көріп отырмыз. Мен Франция, Германия тәрізді дамыған елдерде болдым. Олардың әдебиеттегі әйелдер бейнесі тамаша ғой, шын мәнінде, олар тын ерекшеленіп кеткен. Батыстан үлгі алу керек деген – бос сөз. АҚШ-тың 60

пайыз халқы қол қойып, ақша алуды ғана біледі. Олардың басқа елдің мықты ғалымдарын ақшаға сатып алып, өздеріне жұмыс істетіп отырғаны өтірік емес. Соның арқасында жаһанды өзіне қаратқан алпауыт елге айналды. Мысалы, 1992 жылы кеңестік биологиялық қару өндірісі жетекшілерінің бірі, аталған салада әлемдік деңгейдегі оқымысты саналатын микробиолог, полковник шенді Қанатжан Әлібеков бүгінде АҚШ-тың биоқорғаныс жөніндегі ұлттық орталығында жұмыс істейді. Сөйткен, қырық құрамды елдің байырғы тұрғындары – үндістер ең лас жұмыстарға жегіледі. Сол әділеттілік пе?

– Бүгінгі қыз балалардан ар-ұят, әдеп, инаттылық тәрізді игі қасиеттер жойылып бара жатқандай көрінеді...

– Өзіміздің қазақ болмысымыз бұзылып, көрінгенге еліктеп-солықтауды шырғардық. Темекі шегу, ішімдік ішу деген жағайна қалып, тырдай жалаңаш суретке түсіп, эфирге шығатындар көбейді. Кіндігін ашып жүретін жастар ертең бала таба алмайтын бедеуге айналады. Жақынды белгілі бір саясаттанушы келесі саясаттанушыға жалаңаш қазақ қыздардың суретінен тұратын күнтізбе сыйға тартыпты. Беткеуестерлеріміздің сықырты осы болғанда, өзгелеріміз не күтеміз?

– Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығында әдеби саладағы ауыз толтырғып айтарлықтай қандай жетістіктері аты ердіңіз?

– Кезінде көркем шығармаларда үлгі алатын идеалды кейіпкерлер сомдалды. Барлығы сол Ботагөз, Асқар, Тоғжан, Амантай тәрізді кейіпкерлерге ұқсап өскісі

АЛАШҚА АЙТАР ДАТЫМ...

Қазақ жастарына ең әуелі білім керек. Ақшаға табынып, оны құдайдай көру жақсылыққа апармайды. Билік пен мансап та мәңгілік емес. Басшы да, қосшы да әділдік жолымен жүруі тиіс. Маңдай термен табылған дүниеден артық байлық жоқ, ұрлық-қарлықпен келген нәрсе берекесіз болады. Жас толқынның өнерлі, білімді, саналы, елдің қамын ойлайтын азамат болғанын қалаймын.

келді. Содан үлгі алып, мінез-құлқын, болмысын түзеуге тырысты. Ал енді тәуелсіз заманың бет-бейнесін көрсететін кейіпкерлер қайда? Әдебиет өз заманының алдында жүріп, айналасына жарық шашып, үлгі көрсетуі тиіс. «Үйірі жоқ көкжал» романы жазған жазушы Ғабиден Құлашметтен көп үміттеніп едім, марқұм дүниеден ерте озып кетті. Сосын жастардың поэзиясын оқып отырсам, ертеден қара кешке дейін жылпап-сықтаудан бір танбайды. Неғылған қайғы-қасірет? Еркіндік алғанымызға жыйлай ма? Қазір біздің поэзиямыз әдебиеттегі басқа жанрлардың алдында тұр. Оған Құдайға шүкір дейміз. Дегенмен өмірдің жақсы жақтарын бейнелеп, оқырманды ізгілікке ұмтылдыру қажет қой.

– Сіздікіміз қалай, ел билеген шенді-шекпенді азаматтар қазақ әдебиетін оқи ма?

– Қазіргі көзі тірі классиктеріміздің бірі Әбдіжәміл Нұрпейісов қой. Атқамінерлер «Қан мен терді» оқыды дегенге сенбеймін. Әйтеуір, даңқы шыққан шығарманы естігені болмаса... Сәбит Мұқановтың кітабын «Ғажайып тұлғалар сериясымен» Мәскеуден шығармақ болып Солтүстік Қазақстан облысында бір дөкейге барған едім, «Сәбит Мұқанов Әбдіжәміл Нұрпейісовтің қай жағындағы адам? Одан озық па, кем бе?» деп түйден түскендей сауал қойды ол. Сәбендіт туған жерін басқарып отырып, оның кім екенін білмеу ұят емес пе?

– Тәуелсіздік жылдары шешімін таппай келген қандай мәселелер сізді толғандырады?

– Қазақ тіліндей сорлы тіл әлемде жоқ. Өз елімізде отырып басқалардың тіліне күніміз қарағанына қаншама жыл болды. Мен Қазақ тілі қоғамының алғашқы белсенділерінің бірімін. Мемлекеттік тілге байланысты заңға да өз үлесімді қосқан едім. Қазақ тілінің тағдыры қатты алаңдатады.

Еліміз жылдан-жылға көркейіп жатыр. Еңбек етпесен, ешкім ауызыңа ас тоспайды ғой. Соны түсінген ел-жұрт тіршілігін жасауда. Жастарының бәрі жаппай қалаға үдері көшкен ауылдың ахуалы да – өзекті мәселе. Бір кездері колхоз-совхоз тараған сәтте елді басқарған әкімқаралар мемлекет мүлкін талапайға түсіріп талап алды. Соның салдарынан қайсыбіреулер шылқыған бай болса, енді біреулер кедей қалпында қалды. Ауылдан жұмыс таппаған жастар қалаға келіп көше сылып, базарда арба итеріп жүрген жайы бар. Олардың ішінде жұмысқа икемі жоқтар ұрлық-қарлыққа барып жатады. Қазір Қазақстанда түрмеде отырған 90 мың адам бар, соның 90 пайызы – қазақтар. Бүйте берсе, сайын даламызға ертең кім ие болады? Сондай-ақ, сөзді дұрыс пайдаланбай, асыра сілтейтін кездеріміз аз емес. Бізде он адамнан ғана тұратын «ұлтар» бар екен. Ойбай-ау, ол этностар мен диаспоралар ғой. Қайдағы ұлт бұл жерде?

– Алаш қайраткерлерінің аңсаған идеялары бүгінгі азат елде жүзеге асып жатыр ма?

– Кеңес өкіметін жақтаған Сәкен, Сәбиттер қазаққа зияндық ойлаған жоқ, халқымызды қайтсем көркейтпей, қатарға қосамын

деп армандады. Бірақ олардың күресу жолдары басқаша болды. Алаш қайраткерлерінің басты аңсағаны Тәуелсіздік еді. Сол мақсатқа жеттік. Азат ел атандық. Бірақ сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде атқаратын шаруамыз – шаш-етектен.

– Сәкен Сейфуллиннің қанша-ма тұлғаларымыз коммунизмге имандай ұйып сенді ғой. Бірақ кейін сенім артқан жүйенің қысартығына көз жеткізгенді өкініш білдірген жоқ па?

– Сәкеннің жазғандарында қылаудай өтірік жоқ. Жазушылыққа, ақындыққа салып жазып жіберген шығар деп талай күмәнді тұстарын тексердім, түбі ақиқат екеніне көзім жетті. Шакарімнің «Мұтылғанның өмірі» деген шығармасын оқыған боларсыздар. Сонда ол алашордалықтардың сапында халық соты болып жүреді, ақыры бәрінен оқшаулап жаладан-жалғыз баз кешіп кетеді. Барлық Алаш қайраткерлеріне топырақ шашудан аулақпын. Бірақ әлгі шығармада олардың бір-бірімен тіл табыса алмай, билікке таласуы нақты сипатталады. Зерттеушілерде өтірік көп. Ертенгі ұрпақ қателіктен сабақ алу үшін ақиқатты айта білуіміз қажет. Бұл күні Мұстафа Шоқайдан асқан данышпан жоқ... Мысалы, 1917 жылдың желтоқсан айында ІІ құрылтай өтті. Сонда Алаш автономиясын құру жөнінде бастама көтерілді. Батыстықтар «шұғыл түрде құрайық» десе, арқалық-



тар «құрылтайға қатыспай қалған Жетісу, Сыр бойы, Түркістан азаматтарының пікірімен санасып, бір айдан кейін құрайық» деп пікірлер екіге жарылады. Жетісу ол кезде Түркістан автономиясының құрамында болатын. Ақыры дауысқа салынып, басым дауыспен автономияны құру бір айға кейінге шегеріледі. Болмашы ғана нәрсе ғой, осының өзінде ауызбіршілік болмады. Осы жолы дауыс беруден қалыс қалған үш адамның бірі Мұстафа Шоқай еді. 1918 жылы 8 қаңтарда Түркістан қаласында Мұстафа Шоқай құрылтай өткізіп, күн тәртібіне «Алаш автономиясына қосыламыз ба, жоқ па?» деген мәселе қойды. Ондағы халықтың басым бөлігі «әзірше Түркістан автономиясында бола берейік, Алаш күшейсе, қосылуымыз қашпайды ғой» деген байлам жасады. Артында Мұстафа Шоқай Қоқан республикасының бастығы болды. Сол сияқты Досмұхамедовтер 1918 жылы Уфа қаласында алаштықтардан Ойыл өкіметі (Батыс Алашорда) болып ресми түрде бөлінді. Ал сендер тек кеңес өкіметін сынай бересіңдер. Рас, кеңес өкіметі қолдан аштық ұймдастырып, бетке шығар қаймақтарды репрессияға ұшыратып залал келтірді. Дегенмен сол өкімет қазақты да, орысты да жеткізгіп кетті. Сталин өлгенде Черчилль «Сталин Ресейді соқаман қабылдап алып, ракетаман қалдырып кетті» деп көңіл айтқан екен. Кеңес өкіметінің жақсылығы мен жамандығы қатар болды.

– Бұрын бәрі бір ғана Коммунистік партияда болушы еді ғой. Сіз қазір белгілі бір партияға мүшелікке еттіңіз бе?

– Коммунист болғаным рас. Қазір ешқандай партияда жоқпын. Берекесіз оппозициядан да көңілім қалуда. Олардың ішінен Ахмет Байтұрсынұлы тәрізді ел сөзін сөйлейтін бірін көрмей келемін.

– Мағжан мен Сәкеннің өмірі мен шығармашылығын шендетіріп «Сайыс» деген кітап жаздыңыз. Мұндай қадамға неліктен бардыңыз?

– Алаш қайраткерлері ақталғаннан кейін: «Мағжан – таудың биік шыңында тұрған ұлы тұлға, ал Сәкен, Сәбиттер – етектегі, әйтеуір бір пенделер. Сондықтан олар шын таланттарды жек көрді», – деп Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әли есімді ақындар мақала жазды. Мағжанның «Батыр Баян» мен Сәкеннің «Көкшетауын» салыстыршы. Баян батыр қалмақ қызымен қашып бара жатқан иінісін де, оның сүйіктісін де өлтіреді. Кейін Абылай ханның қосынында жүз шақты әскермен жауға тиіп, өзі де ажал құшады. Ал Сәкеннің «Көкшетауы» қандай? Онда да тұтқиынға түскен қалмақ қызы айтылады. Тұтқын қызыннен дәмелі жігіттерге әуелі «Оқжетпес тауына кім жебесін жеткізеді?» деп, сосын «Жұмбақ тасқа кім бірінші көтеріледі?» деп түрлі шарт қояды. Ақыры өзінің өмірін жұмбақ етеді. Барлық сынақтан сүрінбей өткен батыр қыздың азаматтығына разы болып басына бостандық сыйлайды. Қазақ елінің ар-ұжданын сақтап қалады. Енді қарашы, қай шешім дұрыс? Кейде біріміз мақтасак, асыра сөйлеп, келесі тұлғаға күйе жағудан да тайынбай жатамыз. Сәкен сорлы ақын ба? Қазақ поэзиясына тоналалық заңдылықтар қосты. 1927 жылы «Тар жол, тайғақ

кешу» деректі романы жарық көргенде бірде-бір Алаш қайраткері «Сәкен, мұның қалай? Неге бізге нақақтан-нақақ жала жауып отырсың?» деген жоқ. Кейінгі ұрпақ жерден жеті қоян тапқандай «жаңалық» ашып жатыр.

– Сәкен Сейфуллиннің қайраткерлігі жөнінде қысқаша айтып берсеңіз...

– Сәкеннің ұлтжандылығы мен ерте байқадым. Совнарком төрағасы болған күннің ертеңіне Ахмет Байтұрсынұвтың 50 жылдығында «ол – ұлтын сүйген шын ұлтшыл» деді. Сондай-ақ 1923 жылы 15 ақпанда «қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деп бізді қырғыз атауынан құтқарды. Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу, сөйтіп, мемлекеттік тілге айналдыру үшін декрет қабылдатқан Сәкен Сейфуллиннің еңбегін басқаларға үлестіре бермейік.

– Мағжан мен Сәкен бір қызға таласып, дурдараз болған дейді...

– Ақын-жазушылар арасы қай уақытта тату болған еді? Баскелестік пен бақастық даярында адамдар арасында ежелден бар емес пе? Мағжан 1913 жылы Сәкен оқып жүрген оқытушылар семинариясына дайындық курсына түскен. Уфада «Шолпан» атты жинағын шығарып келген ол Сәкеннен бір курс төмен оқиды. Мағжан мінез жағынан ешкімнен осал түспеген. Сәкеннің де өлеңге ден қоя бастаған шағы.

1914 жылы Міржақып Дулатов үйленеді. Ол – Мағжанды орысша үйреткен адам. Алаштықтар қазақтық оқыған-тоқыған жастарын өз қатарларына тартуды мақсат тұтты. Сондықтан Мағжан сол тойға Сәкенді де ерте барды. Қос жігіттің көзіне 17-18 жас шамасындағы Міржақыптың үріп ауызға салғандай балдызы Гүлшаһра түседі. Кейін ол қыз Сәкеннің жағнына шығып кетеді. Мағжан мен Сәкен бірін-бірі әзіл өлеңдер арнап, кемшіліктерін бір-бірінің бетіне басады. Мағжан 1932 жылы 10 жылға сотталады. Сәбиттің араласуымен абақты мерзімін 10 жылдан 7 жылға қысқартады. 1937 жылы түрмеден шыққан Мағжан: «Мұғалімдік жұмысыман босап қалдым. Туған-туыстарыма келіп едім, сендерге жете алмай отырмын», – деп Степняк қаласынан Сәкен мен Сәбитке хат жазады. Сәкен 500 сом ақша жібереді. Жазушылар одағының бастығы Сәбит Мұқанов қуғындылып жүрген Мағжанды өзі қарсы алады. Абақтыдан азып-тозып шыққан ақын Сәбитке Сәкенмен жолықтыруды өтінеді. Сәбит екі ұлы ақынның кездесуін құпия түрде ұйымдастырып береді. Мен мұны Сәкеннің әйелі Гүлбадамның аузынан естідім...

– Сәбит Мұқанов Алаш қайраткерлері жайлы кітап та жазды емес пе?

– Сәбең 1932 жылы Ахмет пен Мағжандар жайлы ғана емес, Алаш жазушылары туралы да жазды. Сол дәуірде олар жөнінде сынай отырып, тарихтан аты өшпесін деп кітап шығарудың өзі ерлік қой. Иә, рас, сөз арасында «буржуазиялық ұлтшылдар» деп те қояды оларды. Өз басым Сәбиттің коммунистігіне күмәнмен қарайтындығымыздың 90 жылдығындағы Абай атындағы опера және балет театрында жасаған баяндамада айтақпын. Ол, шындығында, ұлтын ұмытпаған ұлы тұлға.

Әңгімелескен Арман ӘУБЕКІР

БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Техбайқау үшін қандай құжаттар қажет?

Биылдан бастап көлікті техникалық байқаудың тәртіптері өзгерді ғой. Бұл тексерістен өту үшін автокөліктің сақтандыру полисі талап етіле ме? Мұрат, Астана

ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 17 мамырдағы № 523 қаулысымен бекітілген «Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркелуін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидасының» 11-тармағына сәйкес міндетті техникалық байқаудан өту үшін көлік құралының иесі техникалық байқау орталығына мынадай құжаттарды ұсынады: 1)

көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік; 2) жеке тұлғалардың ҚР Салық кодексінде белгіленген тәртіппен ағымдағы күнтізбелік жыл үшін көлік құралдары салығын төлегенін растайтын немесе оны төлеуден босату құқығын растайтын құжаттар; 3) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарт.



Еліміздегі хром қоры қанша?

Қазақстандағы хром кені қорының қанша екенін білуге бола ма екен? Әлемде хром өндірісі жөнінен қай елдер көш бастайды?

Талғат БЕКТЕМІРОВ, Алматы қаласы

Дүниежүзі бойынша хром кеніштері жөнінен ең үздік ондыққа ОАР, Қазақстан, Ресей, Зимбабве, Мадагаскар, Түркия, Үндістан, Армения, Бразилия, Филиппин елдері кіреді. Менделеев кестесінде 24-атомдық номеріге ие көк түсті қатты металл кенінің қоры жөнінен –

біздің еліміз әлемде екінші орында. Қазақстан аумағында кен қорының барланған мөлшері 350 млн тоннадан асады. Оның ішінде, Ақтөбе облысының Хромтау қаласы аумағындағы хром және хромит кеніштері әлемдегі ең ірі кен орындарының бірі саналады.





ДЗЮДО

Татамидің тарландары - Алматыда

Алдағы демалыс күндері Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында дзю-додан халықаралық ірі турнир өтеді.

Халықаралық дзюдо федерациясының рейтингі бойынша бұл турнирге тек әлемнің ең мықты 16 дзюдошысы ғана қатысады. Қазақ елі турнир қожайыны болғандықтан жеке команда шығаруға мүмкіндік алды.

Өз жерімізде Қазақстан ұлттық құрамасы ерлер арасында да, әйелдер арасында да әр салмақта бір дзюдошыға сенім арта алады.

Әйелдер арасындағы ең жеңіл салмақта – Александра Подрадова, 52 келіде – Келбет Нұрғазина, ал 57 келіде Линара Мингазова өздеріне берілген мүмкіндікті ақтауға тырысады.

Жалпы, Алматы татамиінде кілең білекті балуандардың, соның ішінде Теди Ринер, Ришод Собиров секілді танымал балуандардың өнерлеріне тәнті бола аласыздар.

Телжан КҮДЕРОВ

Баяғы «Барыс» – сол «Барыс»

Өткен жылы Құрлықтық хоккей лигасындағы ойындарын бірде жеңіспен, бірде жеңіліспен аяқтап жүрген елорданың «Барыс» хоккей клубы жаңа жылда да сол әдетінен тана алған жоқ.

Өткен жылдың соңы жерлестеріміз үшін сәтті болған жоқ. Алдымен Челябинскіде жергілікті «Трактормен» кездесіп, 0:2 есебімен тізе бүксе, екі шайба айырмасымен Уфаның «Салават Юлаев» клубына да жол берді.

Дегенмен жаңажылдық үзіліс жерлестерімізге серпін берген секілді. Алты күн тынығып, жетінші күні айдындағы шыққан «Барыс» хоккейшілері Магнитогорскіде жергілікті «Металлургтен» басым түсті. Өте тартысты өткен ойында жерлестеріміз бірден матч тізгінін қолдарына алып, 9-ыншы минутта канадалық қос саңлақ Брэндон Боченски мен Дастин Бойдтың арқасында алға шықты.

Магнитогорскіден кейін Андрей Шаянов шәкірттері Астанаға емес, бірден Ресейдің келесі қаласы Ханты-Мансийға жол тартты. Алғашқы кезеңде есеп ашылмай, тек ойынның екінші бөлігінде ғана жерлестеріміз серпіле алды.

Дегенмен «Барыстың» төртінші сапары сәтті болмады. Омскіге аттанған Шаянов шәкірттері жергілікті «Авангардтан» 2:4 есебімен жеңіліп қалды.

Асфендияр ЖАНАДІЛ

КОНЬКИМЕН ЖҮГІРУ

«Алаудағы» рекордқа толы Азия алааманы

Астанадағы «Алау» мұзайдынында конькимен жүгіру спортынан Азияның үш бірдей аламан бәйгесі өтіп, бірнеше рекорд жаңартылды. Сарыарқа төсіндегі мұзайдынымыз осылай дүниежүзіндегі ең жылдам әрі ұшқыр спорттық кешендердің бірі екендігін айдай әлемге тағы бір рет паш етіп, беделін арттыра түсті.

Нұрғазы САСАЕВ



Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Вадим Саотин «Алаудағы» аламан дода алдында бұл жарыстарды жеке-жеке жіліктеп берді. Елордада жеке қашықтықтардағы Азия чемпионаты ғана емес, тағы екі ірі дода өткізілді. Бірі Азия жасөспірімдері арасындағы ISU-дің (Халықаралық конькишілер одағының) аймақтық әлем кубогы болса, екіншісі – классикалық көпсайыстан өтетін әлем чемпионатына Азия дүлдүлдерін аймақтық іріктеу жарыстары.

Жалпы, Астанадағы Азия чемпионаты мен екі аймақтық аламан бәйгеге Қазақстаннан, Жапониядан, Оңтүстік Кореядан, Үндістаннан, Моңғолиядан – барлығы 52 дүлдүл қатысты. Бірінші күнгі бәйгелер кейбір спортшыларымыз үшін аса сәтті аяқталып, баз біреулерінің бақтары жанбай, жігерлері құм болды.

жарыста үшінші орынмен шектелді. Сөйтіп, осы екі бәйгеңіз қосындысы бойынша төртінші орынды иеленіп, екінші жолдамаға қол жеткізу мүмкіндігі солғын тартып, салы суға кетті. Өйткені енді өзінен қара үзіп кеткен Олимпиада чемпионы, кәріс Сун-Хун Ли мен жапон желаяғы Хироси Хираконы қуып жету мүлде мүмкін емес еді. Бұл екеуі аз болғанды, кәрістің тағы бір жап-жас конькишісі (Hyung-Joon Joо) күстай ұшып, зуылдап, Бабенконың бағы байланды. Сонысына қапаланғандығы соншалық – ол екінші күнгі жарыстарға қатысқан да жоқ. Ал Елена Урванцеваның әйелдер арасында Азияның аузымен құс тістеген аруларымен тайталаса алмайтындығы әрі баста-ақ белгілі болған. Іс жүзінде де солай болып, Қазақстан қызы алғашқы күнгі екі

қашықтықта да алтыншы орынды қанағат тұтты. Сөйтіп, ол да әлем чемпионаты жолдамасынан үмітін үзді.

Бірінші күнгі жарыстарда жас жеткіншектер ерекше көзге түсіп, «Алау» мұзайдынының бірнеше рекордын жаңартты. Жеңімпаз атанған Оңтүстік Корея талантарының көрсеткіштері өте жоғары болды. Олар бұл көрсеткіштерімен тіпті ересектер арасындағы Азия чемпионатында жүлдеге іліге алар еді.

Екінші күні 1500 метрлік қашықтықта Денис Кузин Азия чемпионы атанып, өзінің әлеуетін тағы бір рет жеңісімен паш ете алды. Дәл осы қашықтықта жас конькишіміз Федор Мезенцев қола медаль иеленіп, бірінші болшағынан үміттендіріп қойды.

Үнемі күліп жүретін, көрікті Катямыз, яғни Екатерина Айдова 1000 метрлік қашықтықта да алдына жан салмай, Азия чемпионы атанды. Қысқа қашықтықтардағы үздік конькиші қызымыз екенін осындай дүбірлі додада тағы бір рет дәлелдеп шықты. Ал Роман Креч ерлер арасындағы осы қашықтықта қола жүлдені қанағат тұтты. Андрей Пак жасөспірімдер арасындағы масс-старт аламан бәйгесінде қола жүлдеге қол жеткізді.

Азия чемпионаты аясында өткен бәйгелерде үш елдің ұлттық рекорды жаңартылды. Атап айтқанда, әйелдер арасындағы 5000 метрлік жарыста Оңтүстік Корея мен Моңғолиядан, ал 1000 метрлік қашықтықта Үндістанның ұлттық рекордының қаймақтары бұзылды. Осы екі күндегі сары құрлықтың үш аламан бәйгесінде бірнеше рет «Алау» мұзайдынының рекордтары жаңарып, 120 рет спортшылар өздерінің жеке рекордтарын жаңғыртып, осы маусымдағы ең үздік көрсеткіштеріне қол жеткізді. Ал Қазақстан дүлдүлдері 4 алтын, 7 қола медаль олжалады.

Биыл бізді қандай додалар күтіп тұр?

Спорттық тұрғыда Қоян жылы жанкүйер қауымның ішін пыстырған жоқ. Олимпиада алдындағы жыл болғандықтан, жазғы спорт түрлерінің көбісінен дүниежүзілік біріншіліктер өтті. Өз жерімізде VII қысқы Азия ойындарын ұйымдастырдық. Бір сөзбен айтқанда, тамашалаған додаларымыз көп болды. Дегенмен спорттық күнтізбелерге көз жүгіртер болсақ, биылғы Ұлу жылының да халықаралық жарыстардан кенде емес екеніне көз жеткіземіз. Газетіміздің бүгінгі нөмірінде біз биылғы жылы ел спортшыларының қатысуымен өтетін ірі халықаралық додаларға аз-кем тоқталып өтсек деп едік.

Әзиз ЖҰМАДІЛ

2012 жыл спортсүйер қауымның есінде бірінші ретте ХХХ жазғы Олимпиада ойындарымен есте қалары анық. Шілденің 27-сі мен тамыздың 12-сі аралығында Англия астанасында өтетін бұл дүбірлі додада шамамен әлемнің 205 елінің 12500 спортшысы бақ сынаиды деп күтілуде. Спорттың 31 түрінде сынга түсетін саңлақтар 302 медаль жиынтығының иелерін анықтайды. Қазақстан спортшыларында әзірге спорттың 10 түрінен 45 лицензия бар. Саңлақтарымыздан Лондон Олимпиадасының алғашқы жолдамасын нысана кездеу спорттың мергеніміз Вячеслав Подлесный иеленген болатын. Олимпиада ойындары туралы сөз қозғағанда Паралимпиадалық ойындарды атамай кетуге болмайды. Кембағал спортшылар арасындағы дода Тұманды Альбионда тамыздың 29-ы мен қыркүйектің 9-ы аралығында ұйымдастырылады.

Ал Қазақстан спортшыларының қатысуымен өтетін алғашқы әлем біріншілігі өз жерімізде өтетін болды. Қаңтардың 29-ы мен ақпанның 5-і аралығында оңтүстік астанамызда допты хоккейден 32-әлем чемпионаты ұйымдастырылады. Алдың ала таратылған мәліметтерге сүйенсек, дүниежүзілік додаға қатысу үшін Алматыға әлемнің 15 елінің құрамасы келмек. Дегенмен қазірдің өзінде еліміз халықаралық ірі турнирлердің бірін қабылдап үлгерді. 7-8 қаңтарда елордамызда конькимен жүгіруден Азия біріншілігі ұйымдастырылды. Енді осы айдың 14-і мен 15-інде Алма-



тының Балуан Шолақ спорт кешенінде дзюдо спортының төре турнирлерінің бірі «Әлем шеберлері» додасын қабылдаймыз.

Келесі айда Қазақстан теннисшілері Дэвис кубогының алғашқы матчын өткізу үшін Испанияның Овьедо қаласына жол тарттады. Ақпанның 10-12-сі аралығында жігіттеріміз осы кубоктың өткен жылғы иегері Испания құрамасына қарсы тұрады.

Өткен жылдың күзінде басталған биатлоннан әлем кубогының финалдық кезеңі наурыздың 1-і мен 11-і аралығында Германияның Рупольдинг қаласында өтеді. Бұл дода бір жағынан дүниежүзілік біріншілік ретінде де ұйымдастырылады. Шаңғымен тұғырдан секіру де әлем кубогының кезеңі өткен жылдың күзінде басталған. Шарықтау шегіне 10 наурызда Норвегия астанасы Ослода жетеді. Конькимен жүгіруден де әлем кубогының финалдық кезеңі наурыз айының алғашқы жартысына түспа-түс келіп тұр. Бұл дода Германия астанасы Берлинде наурыздың 9-ы мен 11-і аралығында өтеді. Ал қысқы спорт түрлерінен әлем кубогының кезеңдерін шанғы жарысы қорытындылайды. Наурыздың 18-інде әлемнің үздік шаңғышылары Швецияның Фалун қаласында бас қосады.

Жеңіл атлетикадан әлем чемпионаты әр екі жылда бір рет ұйымдастырылып тұрады. Биылтыр ашық кешендегі дүниежүзілік біріншілік Оңтүстік Кореяның Дзугу қаласында өткен. Биыл кезек жабық кешенді әлем чемпионатына келіп жетті. Наурыздың 9-ы мен 11-і аралығында «Спорт падишасының» өкілдері Түркияның Стамбул қаласында бас қосады.

Одан кейін әлем чемпионаты семсерлесуден өтеді. 2010 жылы Халықаралық

семсерлесу федерациясының алқалы жиынында 2012 жылғы біріншілікте өз жерінде өткізу мәртебесін Украина астанасы Киев жеңіп алған болатын. Бұл дода 14-15 сәуірде өтпек.

Сәуірдің 27-28-і күндері Макаода Дүниежүзілік бокс сериясының финалдық кездесуі өтеді. Былтыр бұл сында финалға жетіп сүрінген қазақтың «Астана арландары» биыл қалайда бас жүлдеге қол жеткізуге тырысатын болады. Ал мамырдың 25-і мен 26-сы күндері осы турнирдің жеке-іле сынындағы жудырықтасулары ұйымдастырылады.

Велоспорттан биыл әлем чемпионаты Голландияның Лимбург қаласында 15-23 қыркүйек аралығында өтпек. Ал веложарыс туралы сөз қозғағанда «Джиорд'Италия», «Тур де Франс», «Вуэльта» көпкүндіктерін айтап кетуге болмайды. Бұл жарыстардың алғашқысы мамырдың 5-інде Данияда басталып, сол айдың 27-сінде Италияның

Милан қаласында аяқталады. Бельгияның Льеж қаласында басталатын «Тур де Франс» Франция астанасы Париждің Елисей алаңдарында аяқталады. Ал Испания жерінде өтетін «Вуэльта» тамыздың 18-інде басталып, қыркүйектің 9-ында аяқталады.

Сондай-ақ биыл футболдан Еуропа чемпионаты өтетінінен де спортсүйер қауым хабардар екені анық. Ұлттық құраманы жетілдіретіндері біріңшәлігі болса да, 8 маусымда басталып, шілденің бірінші күні аяқталатын бұл турнирге қазақ жанкүйерлерінің көңілдері алабаөтен.

Міне, биылдыққа бізді осындай ірі додалар күтіп тұр. Әлбетте, спортшыларымыз үшін маңызы зор турнирлер өте көп. Әсіресе Олимпиада ойындарының қарсаңындағы барлық дода біз үшін аса маңызды. Дегенмен олардың барлығын тізе берсек, бізге газеттің бір беті аздық етер еді.

BASKETBOL

«Астана» екі рет сүрінді

«Астана» баскетбол клубы 2012 жыл табалдырығымыздан аттағалы «ВТБ бірегей лигасы» аясында екі ойын өткізіп, екеуінде де жеңілістің кермек дәміні татты.

«Астана» өткен жылды тәп-тауір аяқтап еді. Жыл соңында түзде Киевтің «Будивельник» клубымен кездесіп, 82:71 есебімен жеңіске жеткен болатын. Украина клубы елордалықтардың басты бәсекелестерінің бірі болғандықтан, «Астананың» бұл жеңісіне ежелтауір қуанып қалған едік. Алайда жаңа жыл «Астана» баскетболшылары үшін аса сәтті басталмады. Себебі Италия маманы Маттео Боничиоли жаттықтыратын Қазақстан клубы өз алаңында екі рет сүрінді.

«Астана» әуелі Самараның «Красный крылья» деген клубын қабылдаған-ды. Бұл клуб – «ВТБ бірегей лигасына» екі сатылы електік додadan «сүзіліп» шыққан екі клубтың бірі. Әу баста плей-оффқа шығатын төрт үздіктің бірі болады деп ойламап едік. Бірақ өрнекті ойын үлгісін көрсетіп, небір аузылы командалардың өзін ұтып жүр. Қазір тіпті «А» тобындағы үздіктердің біріне айналды. Қазақ топырағында аузылы «Астананың» тізерлетіп, үшінші орынға көтерілді. Қаңтардың басында Самараның «қызыл қырандары» Қазақстан клубын 81:76 есебімен жеңіп, есеңгіретіп кетті. «Красный крылья» сапындағы Американың қарамақаршы Бион Раш самарлықтардың қоржынына 30 ұпай салып, аузымызды аңқитты. «Астана» сапынан Бранко Цветкович – 19 ұпай, Эрик Уильямс – 18 ұпай, Павел Ильин 12 ұпай иеленді.

Осылай «Ах, Самара қаласы-ай» деп сан соғып жүргенімізде Сарыарқа төсіне азулын айға білеген Қазанның УНИКС деп аталатын клубы келді. Дәл қазір Татарстан клубы – «ВТБ бірегей лигасының» ғана емес, бүкіл Еуропаның үздік ұжымдарының бірі. Деңгейлерінің жоғары екендігін қазақ жерінде де дәлелдеп, «Астананың» 87:68 есебімен тізерлетті. Маттео Боничиолидің шәкірттері қанша тырысса да, УНИКС ойыншыларының толқындай орап соққан шабуылдарына төтеп бере алмады. Қонақтар сапынан Нэйтан Джавай өз командасының қоржынына 23 ұпай салса, «астаналық» Роул Маршалл одан қалыспай, 21 ұпай еншіледі.

Енді «Астана» қаңтар айының екінші жартысында Литва мен Эстонияға барып, түзде екі ойын өткізеді. Осы екі ойында жыл басындағы жеңілістерінің есесін қайтарса, төрткікке ілігін, плей-оффқа шығуы неғайбыл.

Айқын ЖАППАР

Бапкерді «Реалдан» шақырттық

Қаңтардың басында футболдан 19 жасқа дейінгі Қазақстан жастар құрамасының бапкері бекітілді. Бұл қызметке Испанияның «Реал» клубы жүйесінде жұмыс істейтін Небойша Милич тағайындалды.

Испания азаматтығын қоса алған серб маманымен «1+1» жүйесінде келісімшарт жасалды. Алдына «Қазақстан жастарын Еуропа чемпионатының элиталық кезеңіне шығаруыңыз керек» деген мақсат қойылды.

Небойша Милич 1959 жылы 16 қыркүйекте туған. Соңғы жылдары әйгілі «Реал» (Мадрид) клубының жүйесінде жұмыс жасап, өте дарынды балалардың бағын ашуға бар ілімін жұмсаған. 2007-2008 жылдары Испанияның үшінші тобындағы бір командасында бас бапкер болғаны болмаса, 2002 жылдан бері «Реал» клубының құрылымында әртүрлі қызметтер атқарыпты. Тіпті жастарына бас бапкер болып, үшінші тобындағы ұжымның жаттықтырушы болған екен. Өз шәкірттерімен үш рет жастар арасындағы біріншілікте жеңімпаз атанған.

1998-99 жылдары «Атлетко» (Мадрид) клубында бас бапкердің көмекшісі болып, УЕФА кубогының жартылай финалына дейін жеткен. Біраз жыл Югославияда қызмет етіп, тәжірибе жинақтаған. Футболшы ретінде 1976-78 жылдары Югославия құрамасының сапында ойнаған. Енді осындай жыл жинаған бар тәжірибесін қазақ жастарының көсіле сілтеуіне жұмсамақ. Еңбегі жапып, жастарымыздың жалындай беруін тілейміз.

Әлихан ЖАППАР

БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Биыл да Мессидің мысы басты

Жылдың үздік футболшысына берілетін «Алтын доп» сыйлығын «Барселонаның» жүрегі мен тірегі Лионель Месси алғанына осы клубтың жанкүйері ретінде қуаныштымын. Жалпы есепте Месси қанша дауыс жинады екен? Басты қарсыласы Криштиану Роналдудан қанша ұпай озып кеткенін білгім келеді.

Абай Отар, Тараз қаласы

Футболшылар үшін ең жоғарғы марапат – «Алтын доп» сыйлығын биыл қатарынан үшінші рет аргентиналық Лионель Месси жеңіп алды. 2011 жылы Месси мен оның командасы («Барселона») бес ірі додада топ жарды. Олардың ішінде Чемпиондар лигасы мен Испания чемпионатының маңызы зор еді. «Алтын допқа» үміткер ушеудің ішінде жүлденің Мессиге бұйыратынын әлем жанкүйерлері алдын ала білді. Хавидің Мессиге бәсекелестік туғыза

білгенінен жаңылды. Оның үстіне, «Реал» бапкері Жозе Моуринью мен Криштиану Роналдудың Цюрихтегі салтанатты рәсімге қатысудан бас тартуы мәселенің күрмеуін түбегейлі шешіп берген болатын.

Қош дейік, дауыс беру нәтижесіне келсек, Лионель Месси сауырынан сипатпай, 47,88% дауыспен бәсекелестерінен қара үзді. Криштиану Роналдудың жинаған дауысы – Мессиден екі есе төмен, 21,6 пайыз. Ал дауыс берушілердің 9,23 пайызы ғана Хави Эрнандеске «Алтын допты» бергісі келген екен.

Сөйтіп, Месси әлемдік футболда «Алтын доп» жүлдесін үш рет алған Йохан Кройфф, Мишель Платини және Марко ван Бастендердің қатарына қосылды. Леонның айтулы жүлдені қатарынан үш мәрте алып, Мишель Платини мен Йохан Кройффтің де ұмытуға болмайды.

Гол соққыш қақпашылар

Футболда қақпа күзетшілерінің де гол соғып, командасын қуанышқа бөлейтін кездері көп. Өткен аптада «Эвертон» қақпашысы Тим Ховардтың «Болтонға» соққан голы әлем жанкүйерлерін футбол сикырына тағы да елітіп қойды. Жалпы, футбол тарихында ең көп гол соққан қақпашылар кімдер?

Ұлпан ДӘШЕН, Ақтөбе облысы

Әлем футболының бай тарихында шабуылшыдан көп гол соққан қақпашылар жетіп-артылады. Гол соғудан ат оздырғандар арасында парагвайлық Хосе Луис Чилаверттің шоқтығы қашанда биік. Ол 62 рет қарсы қақпадағы әріптесін мұңайтқан екен. «Чива» – хет-трик жасаған әлемдегі жалғыз қақпашы. Бірақ көш басында қақпашылық ғұмырында 101 доп соққан Рожерио Сени тұр. Рожерио айып добының қас шебері болатын. Қарсылас қақпасын айып алаңынан кездеуде Рожерио небір майталмандардың талайын қозеу шаңда қалдырды. Алайда Чилаверт

секілді Сени де әлем чемпионатында доп соға алмағанына өкінеді. Өз қақпасын күзетіп, өзгенің қақпасынан саңылау тапқандар арасында 39 доп соққан перулік Джонни Вегас Фернандес пен салвадорлық Мисаель Альфаро, 32 гол енгізген неміс қақпашысы Ханс-Йорг Бутт, 38 рет қарсы қақпадағы әріптесін «жылатқан» колумбиялық Хосе Рене Иниталардың еңбегі ерекше. Ал өткен аптада «Болтонға» гол соққан «Эвертонның» қақпашысы Тим Ховард ағылшын премьер-лигасында гол соққан төртінші қақпашы екен.

